

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ РЕФОРМАНЫ БІРЕУГЕ ҰНАУ ҮШІН ЖАСАМАЙМЫЗ

2-бет



ЖЕРІМІЗДІ САУДАЛАУҒА ЕШКІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ

3-бет



ХАЛЫҚТАН ҰРЛАНҒАН ОФФШОРДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚАЙТАРЫЛСЫН

4-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №9-10 (931-932) 08.03.2021 jyl


8 Наурыз

әйелдердің Халықаралық күні



## АРУ АНА, АСЫЛ ЖАР

Күйеуі бұдан елу жылдай бұрын дүние салған Халима Адамбекқызы жолдасынан күні кеше ғана көз жазып қалғандай, екеуара әңгімені нақпа-нақ, тебірене баяндайды...

8-9 бет

# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ҰМЫТ ҚАЛДЫРУ – ӘДІЛЕТСІЗДІК!



фото: dalanews.kz

4 бет

Бізге енді Тәуелсіздіктің 30 жылында Рухани жаңғыру бағытындағы мемлекеттік мүдде мен ұлттық идеология талап ететін сындарлы саясат пен нақты іс-әрекет қажет.

Сол себептен, «Ақ жол» партиясы, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойының қарсаңында, Алаш қайраткерлерінің қасиетті есімдерін мәңгілік есте сақтап, ономастика тұрғысында қолдану үшін аталған тізімді Үкіметке жіберіп отырмыз.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясының депутаттары, 2019 жылы біз жолдаған хаттарды жергілікті әкімдіктерге қайта көтеруді тапсырып, Алаш көсемдерімен бірге мыңдаған жергілікті Алаш қайраткерлерінің қасиетті есімдерін ұлықтау шараларын бақылауға алуыңызды сұрайды.



## ОРЫСША СӨЙЛЕМЕСЕК, БЫЛЫҚҚА БАТА БЕРЕМІЗ БЕ?!

Бұл қалада қазақ тілінде сөйлеуді талап ету барлық жағынан қауіпті болып барады. Осыдан екі жыл бұрын облыстың бұрынғы әкіміне қарата «Бақауов тарт қолыңды қазақ тілінен!» деген плакатпен көшеге шыққаннан кейін мені машина қағып кетті. Бұны біреулер ұйымдастырды деген күдігім бар. Былтыр қыркүйекте менің мәселемді 174-баппен қарастыру керек деген хатпен қорқытпақ болған-ды. Олардың ойынша Қазақстанда қазақ тілінде қызметті талап ету ұлтаралық қатынасқа сына қағу болып табылады екен.

7 бет

## КОГДА ОТКРОЕТСЯ ТАЙНА СМЕРТИ Ч.ВАЛИХАНОВА?



Последние месяцы жизни Чокана Валиханова покрыты тайной. Если вы прочитаете развернутую биографию ученого, то сразу обратите внимание на одну особенность: о последнем годе его жизни сведения очень скудны, можно сказать, намеренно закрыты доступы к информации, особенно о последних днях...

12 бет



## НҰР ТІЛЕУЛІ НҰРТІЛЕУ ЕДІ...

15 бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БІЗ РЕФОРМАНЫ БІРЕУГЕ ҰНАУ ҮШІН ЖАСАМАЙМЫЗ

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық кеңестің бесінші отырысы өтті. Кеңесте сөз сөйлеген мемлекет басшысы елімізді дамытуға қатысты бірнеше бағыт бойынша ауқымды бастамалар топтамасын ұсынды.**



Кеңесте Президенттің ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдік азаматтар мен компанияларға сатуға және жалға беруге тыйым салуды заңдастыруға қатысты тапсырмасын ерекше атап өтуге болады. Өйткені жер мәселесі жұртшылықты көптен бері алаңдатып отырғаны белгілі. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы аудан әкімдерін тікелей сайлау арқылы анықтау керектігін айтты. Бұл – саяси өзгерістер жолындағы айтарлықтай салмақты қадам болмақшы.

Мемлекет басшысы басқа да маңызды мәселерге тоқталды. Нақтырақ атасақ – «Нұрлы жер» бағдарламасының бағалары бойынша тұрғын үйді кейіннен сатып алу үшін құрылыс салушылармен оффтейк-келісімшарттар жасасу арқылы жаңа бюджеттік санаттағы тұрғын ауданын құру; жұмыс берушілердің өз жұмыскерлеріне тұрғын үй салуға кеткен шығындарының 50% -на дейін мемлекет бюджетінен өтеу арқылы ауылды жерлерде тұрғын үй құрылысы мәселесін шешу; медициналық ЖОО-лардағы стипендия мөлшерін ұлғайту; тек медициналық мекемеге хабарласу арқылы мүгедектікті анықтау процедурасын жеңілдету; 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу; 14 жаһандық индикаторға негізделген адам құқықтарының сақталуын бағалаудың ұлттық индикаторларын енгізу; заңды тұлғалардың кәмелетке толмағандардың құмар ойындарға қатысқанын немесе оларды соған жібергені үшін ойын бизнестерінің лицензиясын тоқтатуға дейін әкімшілік жауапкершілікті енгізу; Ішкі істер министрлігі жанындағы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінің штаттарын қалпына келтіру; барлық «көрінбейтін» аймақтарды және басқаларын қамтуды көздейтін қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде және полиция бөлімшелерінде бейнебақылау жүйесін енгізу бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

«Біз реформаларды біреуге ұнау үшін, олардың алдында жақсы көріну үшін не болмаса біреулерге есеп беру үшін жүргізіп отырғанымыз жоқ. Реформаларды ешкімге жалтақтамай, ұдайы іске асыратын боламыз. Басты мақсат – еліміздің күш-қуатын, әлеуетін нығайту және ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыру үшін тиімді шешімдер қабылдау. Бұған ешкімнің күмәні болмауға тиіс», – деді Қ. Тоқаев Ұлттық кеңестегі баяндамасын қорытындылай келе.

# БАЛАЛАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ БІЛІМ АЛУЫ КЕРЕК

**Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Қазақстандағы барлық оқушылар мемлекеттік тілде білім алу керектігін айтып, бұл туралы Azattyq Rýhy сайтына сұхбат берді.**



Министр ата-аналарды балаларын мемлекеттік тілде оқытатын мектептерге беруге шақырды. Оның айтуынша, қазір қазақ тілінде оқытатын мектептер бәсекеге қабілетті, бұған ҰБТ нәтижелері бойынша жоғары көрсеткіштер дәлел екендігін алға тартты.

– Біз үшін ең маңызды міндеттердің бірі – мемлекеттік тілде оқытуды басым ету. Мұнда ешқандай пікірталас болмауы керек, өйткені ол мемлекеттік тіл, сондықтан біздің еліміздің азаматтары мемлекеттік тілде оқытылуы керек, – деді Асхат Аймағамбетов. Министр Аймағамбетовтың Үкіметтегі өзгелерге қарағанда қазақ тіліне деген оң көзқарасын жақсы білеміз. Мінберден сөйлегенде Президентімізден бастап жоғары лауазымдағы шенеуніктердің бәрі де мемлекеттік тілді қолдайтынын айтудан жалыққан емес. Ал іс жүзінде соған деген нақты қимыл жоқ. Содан да болар отыз жыл бойы қазақ тілін кең қолданысқа енгізе алмай қор болып жүрміз.

# ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ МЕМЛЕКЕТШІЛДІКТІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

**Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, мемлекетшілдіктің озық үлгісін көрсетті.**

ҚР Президенті Қ.Тоқаев өзінің Twitter-дегі парақшасында: «Бүгін – тарихи тұлға Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл. Ол – халқымыздың біртуар перзенті, Алаш қозғалысының негізін қалаушы. XX ғасыр басында Әлихан бастаған қазақ зиялылары ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, мемлекетшілдіктің озық үлгісін көрсетті» делінген хабарламада. Айта кетейік, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1866 жылы 5 наурызда бұрын Семей облысына қараған Қарқаралы уезінде дүниеге келген.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

# КӨРНЕКІ АҚПАРАТ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ҚАТЕСІЗ ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

**Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.**

Бұл заң жобасын қабылдаудың мақсаты – Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін көрнекі ақпарат мәселелері бойынша жетілдіру.

Заң жобасында деректемелер мен көрнекі ақпаратты орфография нормаларына сәйкес жазу, мәтіндерінің теңтүпнұсқалы аудармасын сақтау сияқты ережелер қамтылған. «Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу талабы қазақ тіліндегі мәтіндердің сапасыз жазылуына, орфографиялық қателерге жол бермеуге бағытталған. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің теңтүпнұсқалы аудармасын сақтап отырып жазу талабы қоғамда екі тілде берілген мәтіндердің мағыналық, мазмұндық жағынан сәйкес келмеуі фактілерін жоюға бағытталып отыр», – деді Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова.




# «ӘР ҚАЗАҚ – МЕНІҢ ЖАЛҒЫЗЫМ» ФОТОБАЙҚАУ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**«Ақ жол» Демократиялық партиясы Қазақ Республикасының 100 жылдығына орай ұйымдастырған «Әр қазақ – менің жалғызым» атты фотобайқауының жеңімпаздарын анықтады.**

Байқауға жас ерекшелігіне қарамастан, Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын 56 қатысушының жұмысы келіп түсті. Ең көп дауыс жинаған 21 жұмыс тәуелсіз кәсіби фотографтар мен сарапшылардан құрылған қазылар алқасының қарауына өтті. Байқауға Үкімет басшысының жеке фотографы Шүкірәлі Шахай, «Егемен Қазақстан» газетінің фототілшісі Ерлан Омаров, ҚР Мәжіліс депутаттары Қазыбек Иса және Берік Дүйсембинов, «Ақ жол» партиясының орталық кеңесінің хатшысы Арман Сқабылұлы қазылық жасады.

Партия төрағасы Азат Перуашев «Ақ жол» демократиялық партиясы тарихи-әдеби салада көптеген байқауларды өткізіп жүргенін айта келе, бұл байқаудың жанры ерекше және еліміздің дамуына үлес қосатынын атап өтті. Сондай-ақ фотобайқау алдағы уақытта дәстүрлі түрде ұйымдастырылатынын жеткізді.

Әділ қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені (700 000 теңге) Советбек Мағзұмов, I орынды (500 000 теңге) Салауат Жәнібекұлы иеленіп, II орынды (250 000 теңгеден) Бексұлтан Сайлаубеков пен Сәби Майемеров бөлісті. III орынды (100 000 теңге) Максим Стадниченко еншіледі. Сондай-ақ, Үмітжан Нұрымова (50 000 теңге) «Үздік портрет», Жанбибі Дүйсенбаева (50 000 теңге) «Қансонарда», Қайсар Тәукебаев (50 000 теңге) «Бақытты балдәурен», Ізбасар Мағжанов (50 000 теңге) «Тарих бедерінде», Ермен Райымбек (50 000 теңге) «Кәсібім-нәсібім» номинацияларының иегері атанды.

# ЖАҢА ӨНДІРІСКЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

**Қазақстанда жаңа өндірісті ынталандыру үшін өнеркәсіптік грант берілмек. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов айтты.**

«Отандық өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін реттеу біркатар бағыт бойынша жүзеге асырылады. Еңбек өнімділігін арттыру – осы көрсеткіштің мониторингін өнеркәсіпті ынталандыру саласындағы уәкілетті орган тұрақты негізде жүзеге асырады. Инвестицияларды тарту мақсатында Бірыңғай инвестициялық карта әзірленеді. Өңірлерді ынталандыру, олардың рөлі мен жауапкершілігін күшейту және операторларды тартуға жаңа жағдайлар жасау бөлігінде Индустрияландыру картасын қалыптастыру бойынша жаңа тәсілдер бекітіледі», – деді Бейбіт Атамқұлов Сенатта «ҚР өнеркәсіптік саясатты заңнамалық реттеу: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағатында. Шикізатты қайта өңдеуді тереңдету үшін Қазақстан аумағында өндірілмейтін шикізат пен жинақтауыштарды баждан босатуды көздейтін Стратегиялық өнім тізбесі енгізіледі. «Жабдықтарды жаңғырту және шығындарды бірлесіп қаржыландыру арқылы жаңа өндіріс құру мақсатында заң жобасымен ынталандырудың жаңа құралы – өнеркәсіптік гранттты беру көзделген», – деді министр.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНА ТАРТУ

**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, елімізде алғашқылардың бір болып Ақмола облысында «30 игі іс» акциясы басталып кетті. Тәуелсіздік мерейтойына нақты істерімен тарту жасаған жастардың бастамасы аймақ көлемінде қолдау тапты.**

Акция барысында Ақмола облыстық жастар-ресурстық орталығы волонтерларды қолдау орталығымен бірлесіп, Көкшетау қаласының №1 арнайы мектеп-интернатына барып, ауласын қардан тазартумен акцияны іске асырды. Бұл игі іс-шараны облыстық жастар-ресурстық орталығы және волонтерларды қолдау орталығы қаланың жоғары оқу орындарына жолдап, акция жалғасын тапты. Жыл басынан бері облыс аумағында волонтерлердің және жақсылық жасаудан тайынбайтын ерікті жандардың арқасында 50-ден астам жалғыз басты қарт адамдардың және денсаулығы мүшкіл мүгедек жандардың үйлеріне барып аулаларын қардан тазартып көмектесті. «Атбасар ауданында акцияға барлық селолық округтер қатысуда. «Helpinghand» волонтерлер корпусы, «JasMura» жастар кешені, студенттер мен мектеп оқушылары да белсенділік танытып отыр», – дейді Атбасар аудандық жастар-ресурстық орталығының басшысы Назгүл Жәкішева. Сонымен қатар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарға әлеуметтік пакеттер үлестірілуде.

# ЖЕРІМІЗДІ САУДАЛАУҒА ЕШКІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ

**Ғасырлар бойы қазақ қоғамында жер елдікі, халықтікі болған және мемлекеттік нышан қызметін атқарып, оның тұтастығы саяси дербестігінің басты белгісін білдірген. Сондықтан қандай қоғамдық құрылыс орнаса да жер тек қоныс және көші-қон нысаны ретінде, қаржылық емес, құқықтық айналымда болған. Қасиетті жерінің қадірін жете түсінген ата-бабаларымыз оны қастерлей білген. Сырттан қол сұққан басқыншыларға қарсы жер үшін қасық қаны қалғанша күрескен. Әлем бойынша көлемі жағынан тоғызыншы орында тұрған осыншама ұлан-байтақ жерді бабаларымыз жаудан қорғап, келер ұрпағына оны көздің қарашығындай сақтайды деген үмітпен аманат етіп қалдырды. Сол ата-баба сенімін ақтап, аманатын орындап жатырмыз ба?..**

Бірден ашық айтайық, ата-баба аманатын адал атқарып, үмітін ақтадық деуге ешкімнің аузы бармасы анық. Жерімізге сырттан да, іштен де көз алартушылар көп. Күш қолданып ешкім басып кірмесе де сол қасиетті жеріміздің қадірін кетіріп отырған тек қана өзіміз. Билік басына шығып алған, тоғышарлық пен тойымсыздыққа салынғандар қасиетті жеріміз бен оның қойнауындағы байлықты саудаға салып жіберді. Құдайдың жаратқан жеріне меншік құқығын заңмен енгізу осының нақты дәлелі. Жерді сату отанын сатумен бірдей қылмыс. Жердің негізгі иесі қарапайым қазақ халқының талқысына салып, онымен кеңескен де ешкім болмады. Жұрттың наразылығын тудырған «Жер кодексіне» одан кейін де бірнеше рет өзгертулер мен түзетулер енгізілді.

Қазақтың қойдан жуас мінезі мен кеңпейілділігін пайдаланғандардың осыдан бес жылдай бұрын жерді шет ел азаматтарына сату және жалға беру жөніндегі ұсынысы ұмытыла қойған жоқ. Бұнысы енді шектен шыққандық болатын, билік көтерген бастама бірден халық қарсылығына тап болды. Жер-жерлерде митингіге шыққан халық өз наразылықтарын ашық көрсетті. Басқа байлығын берсе де жерді өлсе де бермейтінін анық білдірді. Жер дауынан шыққан өртті басу үшін, халық қаһарынан сескенгендер «Жер кодексіне» өзгертулер енгізуге бес жылға мораторий жариялады. Оның да мерзімі биылғы жылдың соңында бітеді. Билік халықтың жаппай наразылығынан каймыққанмен, осы күнге дейін оның талабын толықтай орындаған жоқ.

Халық не үшін алаңға шықты? Оның қандай талабы бар? Заңымыз бойынша халық қызметшілері болып табылатын биліктегілерді бұл сұрақ тіпті де ойландырмады. Әлемге демократиялық қоғам құрып жатырмыз деп жар салғанмен халық үніне құлақ аспады. Бұқараның мүддесін жоғары билік деңгейінде қорғауға тиісті депутаттар да осының бәрін көріп, біліп отырса да үнсіз қалды. Керісінше олар биліктің кез келген ұсынысын үнсіз қолдады. Халық қалаулыларын партиялық тізіммен сайлаудың сиқы осындай болды. Ауылдың атын жалаулатып жүрген «Ауыл» партиясы да жер мәселесіне келгенде табандылық көрсетпеді. Парламенттегі жетпіс пайыздан астам орынды иемденіп алған «Нұр-Отан» партиясы жұмған аузын ашқан жоқ. Ал шын мәнінде халықтың жанайқайына осы партиялардың бәрі бір кісідей үн қосуы керек еді. Өйткені оларды халық сайлады емес пе? Өкінішке орай олай болмады.

Рас, көп партиялардың ішінде «Ақ жолдың» ғана дауысын естідік. «Шетелдіктерге жерді сатуға да, жалға беруге де болмайды!» – деген ұранмен «Ақ жол» демократиялық партиясы осы жылдың 20 қаңтарында Жер туралы Заңға енгізу үшін өз ұсыныстарын жолдады. Фракция атынан айтылған депутаттық сауалында Берік Дүйсембинов таяу арада мораторий мерзімінің аяқталатынына байланысты Жер мәселесіне нүкте қоюға шақырған-ды. Осы мәлімдеме көптеген ақпараттық құралдарында жарияланғаны белгілі. Алайда, одан бері бір айдан аса уақыт өтсе де біздің үкімет осы күнге дейін үнсіз отыр...

Мораторийге белгіленген бес жыл мерзім аралығында жерге қатысты қандай жаңа заң жобасы жасалып, қандай оң өзгерістер дайындалды, мәселе қалай шешілмекші? Осы тарқауы қиын түйінді тыстан келіп біреу шұғыл тарқатып бере салатындай біздің үкімет әлі де жайбарақат күйде. Әлде іштей бүгіп отырған өздерінің бір есептері бар ма екен? Бар болса соны алдынала көпшілік талқысына салып, халықтың пікірін, жерге қатысты қандай ұсыныстары бар екенін білмей ме? «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деді ме екен, соңғы жылдар БАҚ пен әлеуметтік желіде жер туралы әңгіме тұрақты түрде айтылып келе жатса да халық үніне байланысты билік нақты бір пікір білдірген жоқ. Бүгін үйдей пәледен құтылғанмен, осы үнсіздігі ертеңгі күні таудай тартысқа, тағы үлкен бір дау-дамайға айналарын ойламайтын да сияқты. Қоғамдық пікірді былай қойып, осы орайда мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Жер жұмыс істейтін адамдарға берілуі тиіс. Жер өндірістің басты факторы, тиімділік пен ашықтық болмаса, ауылды дамыта алмаймыз. 2021 жылы Жер кодексінің кейбір нормаларына мораторий аяқталады. Бұл мәселе бойынша нақты шешім қабылдануы тиіс. Бұл туралы Парламент депутаттары, саяси партиялар, қоғам ой қосады деп үміттенемін», – деп, Үкіметке берген тапсырмасы да ескерусіз қалды. Ел Президенті бұл тапсырмасын Үкіметке емес, айдалаға айтқандай болып шықты. Әлде біздің Үкімет Қазақстан Президентінің сөзін де елемейтін болған ба? Мемлекет басшысының тапсырмасын құлағына қыстырмайтын бұл неғылған таскерең атқарушы билік? «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының оларға ешқандай қатысы жоқ сияқты. Ал белсенді азаматтар, түрлі қоғамдық ұйымдар өкілдері Президенттің тапсырмасын есте ұстап, жер мәселесіне қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін үнемі білдіріп келеді. Тіпті, жер мәселесіне орай түрлі ұйымдар, одақтар топтаса бастады. Соның бірі – жердің қамын жейтін «Ел мен Жер» қоғамдық қозғалысының құрылуы. «Қазақ үшін ата-бабадан қалған жерді көздің қарашығындай сақтау парыз. Жер сатылмасын. Әсіресе, шетелдіктерге жалға да берілмеуі керек» деген түпкі мақсаттарын ашық жариялады. Мәселе қасиетті жерімізге қатысты, оның ішінде ауыл тұрғындары жерсіз тіршілік ете алмайтын болғандықтан бұл қозғалыс «Ауыл» партиясын бірігіп, іс-қимыл жасауға да шақырып отыр. Ал аты барда заты жоқ «Ауыл» партиясы жер мәселесін бірінші болып көтеріп, алда жүруге тиісті еді ғой.



«Ақ жол» партиясы Үкіметтен жауап болмаған соң ресми түрде өз ұсыныстарын жариялады. Олар жер учаскелері шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған ҚР азаматтарына, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларға және шетелдік қатысуы бар ҚР заңды тұлғаларына бермеуді.Ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету мақсатында, ҚР тікелей құрлықтық және теңіз шекарасы бар мемлекеттердің шетелдік азаматтары мен заңды тұлғалары үшін, сондай-ақ жарғылық капиталында тиісті мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының қатысу үлестері бар ҚР заңды тұлғаларына қатысты уақытша жер пайдалану құқығына жол бермеу сияқты бірнеше ұсыныстарын жолдады. Жоқтан бар жақсы демекші, бұл да болса партиялық депутаттардың бұл өмірде бар екенін көрсетті. Әрине, ақжолдықтардың ұсыныстары халық талабын толықтай қамтымағаны белгілі.

Жақында ғана Қазақстан Президентінің жанындағы «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің» бесінші отырысы өтті. Осы жерде мына бір ойымызды айта кеткен жөн сияқты. Осы атауда «сенім» сөзі көзге шыққан сүйелдей болып тұр. Әлде бөліп айтатындай бізде басқа да «сенімсіз кеңес», «құпия кеңес» дегендер бар ма? Қоғамдық деуге де келмейді, оның құрамында билік өкілдері де бар. Билік қоғамнан бөлінбесе, мәселені бірігіп шешсе бүгін жер дауы болмас еді. Мақұл делік, мәселе кеңестің атында емес, затында шығар. Ұлттық кеңеске қатысқан Қ.Тоқаев өз сөзінде бірнеше бағыттағы бастама жоспарларын жария етті. Соның ішінде күннен күнге өршіп келе жатқан жер мәселесін де атады. «Халқымыз үшін жер мәселесі қашан да аса маңызды. Бұл – мемлекеттігіміздің берік негізі және қасиетті символы. Қазақтың жері шетелдіктерге сатылмайды деп бірнеше рет айттым. Бұл мәселеге қатысты қауесеттерді тоқтату қажет. Сондықтан, мен мынадай нақты шешімдер қабылдадым. Біріншіден, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржола тыйым салуды тапсырамын. Бұл шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға да қатысты. Мен мұны Президенттің заң шығару бастамасы арқылы жедел түрде жүзеге асыру қажет деп шештім. Президент Әкімшілігі дәл осы мәселеге байланысты тиісті заң жобасын әзірлеуі керек» – деді мемлекет басшысы. Бір айдың ішінде Жер реформасы жөніндегі комиссияны құрып, 25-наурызда жұмысқа кірісуді, тамыз айының соңына дейін жерге қатысты түбегейлі байлам жасауды тапсырды.

Осыны естіген көпшілік қалпағын көкке атып жатыр. Ия, қуанарлық жағдай. Бірақ асықпайық, таскерең Үкімет Президенттің тапсырмасын алдымен орындап алсын. Алдындағыдай Қ.Тоқаевтың тапсырмасын тағы да ескерусіз қалдырып, босқа даурығып жүрмейік.

Тып-тыныш жатқан жерімізде дау-дамай неліктен пайда болды деген маңызды сұрақты біз мүлдем ұмытып кеттік. Бұл «қоғамдық дерт» сол үкімет ұсынып, депутаттар қабылдаған «Жер кодексінен» басталған-ды. «23-бап. Азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскелеріне меншігі. 1.Осы Кодекске сәйкес жеке меншікте болмайтын жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке берілуі мүмкін» деп жазылған.

Осы заң жерімізді саудаға салуға жол ашып берді. Құдайдың жаратқан жерін бөліске салып, садулауға ешкімнің құқығы жоқ екені ұмытылды, оны пайда табудың көзіне айналдырып жіберді. Мысалы сіз бір жиһаз жасасаңыз сатуға қақыңыз бар. Өйткені оған еңбек сіңірдіңіз. Ал жерді кім жаратты? Жергілікті жердегі әкімдіктер мен оның жерге қатысты ұйымдары ойына келгенін істеді. Лауазымды пысықайлар миллиондаған гектар жерлерді иемденіп алды. Қолында билігі барлар ең шұрайлы жерлерді тегін алып, қарапайым адамдар далада қалды. Айталық, Алматының тау бөктеріндегі хан сарайындай үйлер лауазымдылар мен қалталылардікі. Қалғанын базарға шығарғандай сатты, жерді тауарға айналдырды. Жер Атазаң бойынша мемлекет меншігінде, яғни халықтікі. Олай болса халық неге өз жерін өзінен сатып алу керек. Мысалы өз затыңызды өзіңізге сатпайсыз ғой, бұл қазақтың басындағы малақайын жұлып алып өзіне сатқанмен бірдей болып шықты. Амалы таусылғандар жерді басып алуға көшті. Себебі, бастарына кішкене болса да баспана керек болды. Оның соңы Алматыда «Шаңырақта» адам өлімімен аяқталып, ондаған адамдар түрмеге отырды. Міне, солақай заңның соңғы нәтижесі. Оған кім кінәлі?..

Осы жерде «Сол заңды ұсынған Үкімет пен оны қабылдаған депутаттар не ойлады кезінде?» деген заңды сұрақ туындайды. Оның соңы қайда апарып соғарын кез келген есі дұрыс адам алдынала болжай алатын еді ғой. Әлде бұл тағы да тойымсыздардың пайда табу үшін арнайы ұйымдастырған айлашарғысы ма? Жерді талан-таражға салудың соңы жақсылықпен бітпейді. Тарихта ондай жағдайлар болған. Жерінен айырылып, туын тігерге тулақтай жер таппай қалған ұлттар аз емес. Өткендегі билік тарапынан жерді шетелге сату мен жалға беру деген ұсыныстары халықты мүлдем басынғандық, болашақ ұрпақ тағдырына түкіргендік. Қасиетті жерімізге қатысты зиянды заң қабылдағандар жауапқа тартылуы қажет.

Қазақ атамыз жер дауы мен жесір дауына өте сергек қараған. Жерсіз қалса елдіктен қаларын, жесірі мен жетімін жылатса ұрпағынан айырылатынын жақсы білген. Бүгінгі күні қоғамның жанайқайын сол елдік пен ұлт тағдырының қамы деп түсінгеніміз жөн. Халық босқа зарламайды. Әлеуметтік желіде, басылымдарда олар өз пікірлерін ашық айтып жатыр. Солардың бәрін сараптап, ортақ бір ойын іздейтін болсақ ол мынаған саяды. Жерді шетелдіктерге сатпақ түгіл жалға да беруге болмайды. Жерге жекеменшікті жойып, саудаға салуды доғарып, бүгінгі қолданыстағы «Жер кодексін» қайта қарап, ұлттық мүддеге сай жаңа заң қабылдау қажет. Онсыз соңғы шаршы метрі қалғанша жер саудасы тоқтамайды. Керек болса жерімізге қатысты бүкілхалықтық референдум өткізілсін.

Атазаңымыз бойынша жердің иесі халық болғандықтан оның талабын теріс деп кім айта алады? Түптеп келгенде қасиетті жерді келер ұрпақ қолына тұтастай тапсыру бәріміздің ортақ міндетіміз, өтеуге тиісті парызымыз емес пе?!.

**Зейнолла АБАЖАН**

# ХАЛЫҚТАН ҰРЛАНҒАН ОФФШОРДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚАЙТАРЫЛСЫН

**«Ақ жол» партиясының депутаттары егер салықшылар бюджетті толтырмақ болса, онда қарапайым еңбек адамдарын тонамай, жемқорларды жүгендеп, халықтан ұрланған миллиардтарды оффшорлардан қайтаруы керек деп есептейді. Бұл туралы депутаттық сауалды Мақсат Раманқұлов жолдады.**

## ҚР ҚАРЖЫ МИНИСТРІ Е. Қ. ЖАМАУБАЕВҚА

Соңғы айда Үкіметтің және Сіздің министрліктің әртүрлі ресми өкілдері азаматтардың мобильді аударымдарына салық салу туралы бірнеше қайшы пікір тудыратын мәлімдемелер жасаған болатын. Сонымен қатар, бұл бастама кәсіпкерлердің кірістерін жасыруға және бейресми кәсіпкерлікті анықтауға қарсы күрес ретінде түсіндірілуде.

«Ақ жол» депутаттық фракциясының кәсіпкерлердің салық төлеу міндеттеріне дауы жоқ. Алайда қандай да бір себептермен фискалдық органдар тағы да бір сұрақтан өзге сұраққа көшіп отыр. Алаяқтарды адрестік анықтаудың орнына «кең ауқымды» әдіспен әрекет етуді жөн көреді, яғни барлығын бір оқпен атпақшы – адал кәсіпкерлерге де, жосықсыз кәсіпкерлерге де, тіпті азаматтардың бір-біріне аударымдарына салым салмақшы.

Жинақталған тәжірибе бойынша, қоғам да, кәсіпкерлер де шенеуніктердің тәуекелдерді бағалау арқылы қандай да бір айқын белгілер бойынша аударманың бизнеске төленетін төлем екенін және студентке ата-аналық көмек екенін анықтай алады деген анықтамаға сенбейді.Осы уақытқа дейін, тәуекелдерді басқару жүйесіне ондаған жыл өткеннен кейін, жүздеген азаматтар өздеріне тиесілі емес автомобильдер немесе жылжымайтын мүлік үшін, тіпті бірнеше жыл ішінде жиналған айыппұлдармен салық хабарламаларын алуда. Адамдарға ұзақ уақыт бұрын төлеп қойған салымдары үшін елден шығуға тыйым салынады. Ал ол салымдарды сот орындаушылары ешкімге айтпастан белгілейді, төлем жасалғаннан кейін де бірден жоймайды. Мысалы, 2019 жылы Мәжіліс салық қызметкерлерінің жеке тұлғаларға салынатын салықтар бойынша 700 млн. теңге берешек және олар бойынша 7 млрд. теңге айыппұл мен өсімпұл негізсіз есептелгенін анықтады.

Пандемия бүкіл елге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау саласындағы отандық цифрландырудың сәтсіздігін көрсетті.Сіздерде де жағдай одан жақсы деп ойламаймыз. Бұл сегменттегі жалпы бақылау, әсіресе егер ол карточкалар мен электрондық әмияндарды бұғаттаумен және басқа да тыйым салу шараларымен байланысты болса, ал отандық салық төлеушілер басқа ештеңе білмейді, мұндай шаралар тек қаржы секторындағы цифрландырудың беделін түсіреді. Бұл бөлшек сауданы электронды төлемдерден бас тартуға және ескірген қолма-қол банкноталарға оралуға мәжбүр етеді. Бұл тәсіл шағын және орта бизнес айналымына, әсіресе апатты құлдырау жағдайындағы халыққа қызмет көрсету саласы үшін одан да қауіпті, атап айтқанда ол бірінші кезекте зардап шегетін болады. Егер салық органдары алаяқтарды ұстап, бюджетті толықтырғысы келсе, онда адал еңбекпен табатындардан талап етпей, жемқорларды ұстап алып, адамдардан ұрланған қаражатты оффшорлық шоттардан қайтару керек. Біз осы идея авторларының логикасына таң қалып отырмыз.

Мемлекет басшысы шағын және микробизнесті салықтан босатады, ал фискалдар пандемияға қарамастан аман қалғандарды жоюға дайын. Сонымен қатар, бұл тәсіл қарапайым адамдарға әділетсіз, өйткені пайдаға салық салынуы керек. Ал азаматтардың картадасындағы ақша салық ұсталып қойған жалақы немесе банктерге қайтарылуы керек несиелер. Айта кетейік, мұндай идея алғаш рет екі жыл бұрын айтылған болатын, сол кезде 2019 жылғы 13 қарашада «Ақ жол» фракциясы өзінің сауалында мұндай әрекеттерді қатаң сынға алды. Кейінірек Мемлекет басшысы бұл мәселені күн тәртібінен мүлдем алып тастауды тапсырды, өйткені жедел аудармалар жүйесінің ыңғайлылығының арқасында ол халық арасында танымал бола бастады.

Сондай-ақ, кез-келген жағдайда салықтың жаңа түрін енгізу кәсіпкердің оларды тауарлар мен қызметтердің бағасына ауыстыруына әкелетінін ескеру қажет. Демек, мұндай шара қарапайым азаматтарға әсер етпейтіні туралы МКК-нің дәлелдері шындыққа сәйкес келмейді.

Қайта атап өтейік, «Ақ жол» фракциясы кәсіпкерлердің міндетті салықтарына ешқандай дау айтпайды. Сонымен бірге, кез-келген салық салу экономикалық тұрғыдан негізделуі керек, бірақ жаңа бастама туралы ақпарат негізсіз және келтірілген дәлел сынға төтеп бермейді. Осыған байланысты, «Ақ жол» КДП депутаттық фракциясы онлайн аударымдарға салық салу жоспарлары, сондай-ақ нақты экономикалық есептеулер мен оны енгізу негіздері туралы ресми түсіндірме беруді сұрайды.

**Құрметпен**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**





# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ҰМЫТ ҚАЛДЫРУ – ӘДІЛЕТСІЗДІК!

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса «Ақ жол» партиясы фракциясы атынан Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Е. Л. Тоғжановқа депутаттық сауал жолдады. Сауалдың толық мәтінің оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Е. Л. ТОҒЖАНОВҚА

**Құрметті Ералы Лұқпанұлы!**

Биыл 30 жылдығы аталып өтетін Қазақ Елі Тәуелсіздігі жолындағы ғасырлар бойғы жанқиярлық күрестердің ішінде Алашорданың орны айрықша!

Орта Азияда алғашқы заманауи саяси партия құрып, Алашорда үкіметін жариялаған Алаш арыстары Азаттық жолындағы ұлы күресте ұлт болашағы үшін саналы түрде құрбандыққа бара білуімен қандай құрметке де лайықты.

Басты Ұраны – Жерді сатпау, Елді сақтау,Тілді сақтау болған Алаш арыстарын ұлықтауды ҚР Президенті Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында бастап берді: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында Тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек» – деп, атап көрсетті.

Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі комиссияның мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар қатарында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы да бар екені көңілге қуаныш ұялатады.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласының Октябрь ауданына Әлихан Бөкейханның атын беру жөніндегі шешімді халық зор қуанышпен қарсы алды.

Соңғы кезде Алаш тақырыбы ел арасында кең тарала бастағаны өте қуанышты тенденция.

Ел тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен Алаш қайраткерлерінің асқақ рухын қастерлеп, есте қалдыру шаралары (көшелерге, мектептерге, елді мекендерге есімдерін беру, ескерткіштер қою, т.б.) елорда мен өңірлерде тиісті дәрежеде жүзеге асуы қажет.

Алайда, Алаш десе қарапайым көпшіліктің есіне тек Алашорда үкіметінің көрнекті көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді бірнеше тұлғаның есімдері ғана келеді. Шын мәнінде бұл тізім әлдеқайда ауқымды.

Еліміздің түкпір-түкпіріндегі Алаш ұстанымын насихаттаған, сол үшін құрбан болған жергілікті Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ерліктері ескерілмей, есімдері әліге дейін белгісіз болып отырғаны өкінішті. Бұлардың бәрі Тәуелсіз Қазақ Елі үшін құрбан болғандар! «Әруақ риза болмай, тірі байымайды» деген дана халқымыздың сөзін ұмытуға болмайды.

Сол себептен, 2019 жылы «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев «Алаш» институтымен бірлесіп, бұрын белгісіз болып келген 700-ден астам тұлғаны құрайтын жергілікті Алаш қайраткерлерінің тізімін дайындады. Алаштанушы ғалымдардың зерттеулерінің негізінде жасалған тізімге көпшілік қауымға есімдері ұмыт болған әр өңірдің жергілікті Алаш қайраткерлері енгізілді. Әрбір облыс, қала әкімдеріне сол жерге қатысы бар, сол жерден шыққан Алашшыл азаматтардың тізімі жіберіліп, олардың аттарын жергілікті жердегі көше, мектеп, т.б. нысандарға беруді ұсынған болатынбыз.

Алайда, алынған жауаптар көңілге қонбайды. Көбінесе жауаптар жалтарма сипатта, бұған дейін Алаштың ел аузындағы жиырма шақты танымал басшыларының есімдерін атаумен ғана шектелген.

Сонда біздің шенеуніктер Алаш идеясын бүкіл қазақты оятатын, біріктіретін ұран емес, кейбір жекелеген адамдардың көзқарасы ғана деп көрсеткісі келетін сияқты.

«Ақ жол» партиясы, әрине, бұндай кертартпа әрекеттермен келісе алмайды.

Мысалы, біз Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің өзіне ғана Алаш арманы үшін айқасқан 125 адамның тізімін жібердік! Атап айтсақ, Тұрағұл Абайұлы, Биахмет Сәрсенов, Хамит Тоқтамысов, Жахабай Әтікұлы, Жұбандық Болғанбайұлы және т.б. Олардың барлығы еліміздің азаттығы үшін өз өмірлерін саналы түрде құрбан етті. Осы 125 батырдан бір адамның аты ескерілді ме? Жоқ.

Ең өкініштісі – осындай жағдай барлық облыстар мен қалаларда да қалыптасып отыр.

Бұндай әділетсіздікті біз үлкен саяси қателік деп санаймыз. Оған жоғарыда аталып кеткен мемлекет басшысының мақаласы да нақты дәлел.

Жалпы, бізде мемлекет тарапынан бекітілген тізім бар, соған енген тұлғалар ғана әлгідей құрметке ие бола алады. Ол тізімге көп Алаш қайраткерлері кірмеген. Президенттің аталмыш мақаласындағы Алаш туралы талапты ескере отырып, сол мемлекеттік арнайы тізімді қайта қарау керек.

Бізге енді Тәуелсіздіктің 30 жылында Рухани жаңғыру бағытындағы мемлекеттік мүдде мен ұлттық идеология талап ететін сындарлы саясат пен нақты іс-әрекет қажет.

Сол себептен, «Ақ жол» партиясы, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойының қарсаңында, Алаш қайраткерлерінің қасиетті есімдерін мәңгілік есте сақтап, ономастика тұрғысында қолдану үшін аталған тізімді Үкіметке жіберіп отырмыз.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясының депутаттары, 2019 жылы біз жолдаған хаттарды жергілікті әкімдіктерге қайта көтеруді тапсырып, Алаш көсемдерімен бірге мыңдаған жергілікті Алаш қайраткерлерінің қасиетті есімдерін ұлықтау шараларын бақылауға алуыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

**Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толып отыр. Биыл 30 жылдығы тойланатын Қазақ Елі Тәуелсіздігі жолындағы ғасырлар бойғы жанқиярлық күрестердің ішінде Алашорданың орны айрықша! Орта Азияда алғашқы заманауи саяси партия құрып, Алашорда үкіметін жариялаған Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстары Азаттық жолындағы ұлы күресте ұлт болашағы үшін саналы түрде құрбандыққа бара білуімен қандай құрметке де лайықты.**



# АМАНАТЫН ОРЫНДАҒАН АЛАШ КӨСЕМІ

Басты Ұраны – Жерді сатпау, Елді сақтау,Тілді сақтау болған Алаш арыстарын ұлықтауды ҚР Президенті Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында бастап берді: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында Тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек» – деп, атап көрсетті.

Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі комиссияның мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар қатарында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы да бар екені көңілге қуаныш ұялатады.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласының Октябрь ауданына Әлихан Бөкейханның атын беру жөніндегі шешімді халық зор қуанышпен қарсы алды.

Соңғы кезде Алаш тақырыбы ел арасында кең тарала бастағаны өте қуанышты тенденция.

Жалпы, биыл 30 жылдығы тойланатын Тәуелсіз Қазақстанның парламенті тарихында Алаш аты, оның көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақып есімдері ең бірінші рет 2007 жылы Алаштың 95 жылдығында аталды. Мәжіліс депутаты Әлихан Бәймен жасаған депутаттық сауалда Алаш арыстарының ардақты аттарын мәңгілік есте қалдыру шаралары мен Алаш аллеясын ашу ұсынылды.

Сол жылы «Ақ жол» партиясы барлық партиялардың ішінде алғаш рет Ұлттық концепцияны қабылдады.

2012 жылы да «Ақ жол» партиясы фракциясының депутаттық сауалында бүкіл еліміз бойынша Алаштың 95 жылдығын атап өту, Алаш тарихын мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту, Алаш арыстарының атын көшелер мен мектептерге беру мәселелері көтерілді.

2017 жылы да Алаштың 100 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту керектігін парламентте көтердік. Бірақ Алаштың 95 жылдығын да, 100 жылдығын да «Ақ жол» партиясы өз филиалдары арқылы еліміз бойынша атап өтті.

2012 жылдан бері «XXI ғасырдағы «Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауы биыл 10-шы рет өтеді. «Ақ жолдың» бұл дәстүрлі байқауы аясында жас алаштанушылар шоғыры пайда болды.

2014 жылы да, 2016 жылы ЮНЕСКО тойлаған 150 жылдығында да Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға арнап ас беріп, ғылыми конференция өткіздік.

Ұлттық банктен күміс монета мен Қазпоштадан марка шығаруға ықпал еттік.

2017 жылы Алаштың 100 жылдығында ғылыми конференция мен Халықаралық мүшәйра өткізіп, ескерткіш медаль шығардық.

2017 жылы Бейжінде 125 елден 600 делегат қатысқан Әлемдік саяси форумда «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев екеуміз Қытайда қамауда отырған 112 қазақтың тізімін алып барып, Қытай басшылығына тапсырдық. Оның 79-ы түрмеден босатылғанын осы тізімді жасап берген сол кездегі Атажұрт ұйымының төрағасы Қыдыралы Оразұлы жиында мәлімдеп, баспасөзде жарияланды.

Осы сапарымыз, Бейжіндегі әлемдік саяси форум тура 100 жыл бұрын Алашорда құрылған құрылтай басталған күні 1 желтоқсан күні болды. Әлем партиялары жиналған форумда Азат Перуашев ағылшын тілінде баяндама жасап, Алаш партиясының 100 жылдығымен құттықтап, әлем саясаткерлерін тұңғыш рет Әлихан бастаған Алаш қозғалысымен таныстырды.

Қазір бізде Алаш десе қарапайым көпшіліктің есіне тек Алашорда үкіметінің көрнекті көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді бірнеше тұлғаның есімдері ғана келеді.



Шын мәнінде бұл тізім әлдеқайда ауқымды.

2019 жылы «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев пен Сұлтан Хан Жүсіп басқаратын «Алаш» институтымен бірлесіп, бұрын белгісіз болып келген 700-ден астам тұлғаны құрайтын жергілікті Алаш қайраткерлерінің тізімін дайындады. Алаштанушы ғалымдардың зерттеулерінің негізінде жасалған тізімге көпшілік қауымға есімдері ұмыт болған әр өңірдің жергілікті Алаш қайраткерлері енгізілді. Әрбір облыс, қала әкімдеріне сол жерге қатысы бар, сол жерден шыққан Алашшыл азаматтардың тізімі жіберіліп, олардың аттарын жергілікті жердегі көше, мектеп, т.б. нысандар атауларына беруді ұсынған болатынбыз.

Алайда, алынған жауаптар көңілге қонбайды. Көбінесе жауаптар жалтарма сипатта, бұған дейін Алаштың ел аузындағы жиырма шақты танымал басшыларының есімдерін атаумен ғана шектелген.

Сонда біздің шенеуніктер Алаш идеясын бүкіл қазақты оятатын, біріктіретін ұран емес, кейбір жекелеген адамдардың көзқарасы ғана деп көрсеткісі келетін сияқты.

«Ақ жол» партиясы, әрине, бұндай кертартпа әрекеттермен келісе алмайды.

Мысалы, біз Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің өзіне ғана Алаш арманы үшін айқасқан 125 адамның тізімін жібердік! Атап айтсақ, Тұрағұл Абайұлы, Биахмет Сәрсенов, Хамит Тоқтамысов, Жахабай Әтікұлы, Жұбандық Болғанбайұлы және тб. Олардың барлығы еліміздің азаттығы үшін өз өмірлерін саналы түрде құрбан етті. Осы 125 батырдан бір адамның аты ескерілді ме? Жоқ.

Ең өкініштісі – осындай жағдай барлық облыстар мен қалаларда да қалыптасып отыр.

Бұндай әділетсіздікті біз үлкен саяси қателік деп санаймыз.

Балтық бойы елдерінің бірінде көл жағасында ескі қайықтар сақталып тұр екен әлі күнге. «Бұларды неге сақтап отырсыздар?» – десе, «Бұл қайықтар қаншама жыл адамға қызмет етті. Сондықтан біз оларды қастерлеп сақтап қойдық» деп жауап беріпті олар.

Міне, қандай адамгершілік құрмет десеңізші! Ал біз қайықтар түгілі Қазақ елі үшін құрбан болған қасиетті қайраткерлерімізді еске алғымыз келмейді!

Ел тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен Алаш қайраткерлерінің асқақ рухын қастерлеп, есте қалдыру шаралары (көшелерге, мектептерге, елді мекендерге есімдерін беру, ескерткіштер қою, т.б.) елорда мен өңірлерде тиісті дәрежеде жүзеге асуы қажет.

Еліміздің түкпір-түкпіріндегі Алаш ұстанымын насихаттаған, сол үшін құрбан болған жергілікті Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ерліктері ескерілмей, есімдері әлиге дейін белгісіз болып отырғаны өкінішті. Бұлардың бәрі Тәуелсіз Қазақ Елі үшін құрбан болғандар! «Әруақ риза болмай, тірі байымайды» деген дана халқымыздың сөзін ұмытуға болмайды.

Жалпы, бізде мемлекет тарапынан бекітілген тізім бар, соған енген тұлғалар ғана әлгідей құрметке ие бола алады. Ол тізімге көп Алаш қайраткерлері кірмеген. Президенттің аталмыш мақаласындағы Алаш туралы талапты ескере отырып, сол мемлекеттік арнайы тізімді қайта қарау керек.

Бізге енді Тәуелсіздіктің 30 жылында Рухани жаңғыру бағытындағы мемлекеттік мүдде мен ұлттық идеология талап ететін сындарлы саясат пен нақты іс-әрекет қажет.

Сол себептен, «Ақ жол» партиясы, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойының қарсаңында, Алаш қайраткерлерінің қасиетті есімдерін мәңгілік есте сақтап, ономастика тұрғысында қолдану үшін 700-ден аса тұлғалар қамтылған тізімді Үкіметке жіберіп отырмыз.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясының депутаттары Үкіметтен 2019 жылы біз жолдаған хаттарды жергілікті әкімдіктерге қайта көтеруді тапсырып, Алаш көсемдерімен бірге мыңдаған жергілікті Алаш қайраткерлерінің қасиетті есімдерін ұлықтау шараларын бақылауға алуын сұрап депутаттық сауал жолдадық.

Яғни, «Ақ жол» партиясы 15 жылға жуық Алаш атын ұлықтап келеміз

2017 жылы қасиетті де, қазақы өлкенің орталығы болған Шымкент шаһарының сол кездегі әкімі Лениннің ескерткішін қайта қалпына келтіруге 103 миллион теңге бөлгенінде Алашқа 100 жыл, туғанына 150 жыл толып отырған Әлихан Бөкейханға неге ескерткіш тұрғызбайды деп аттан салған едік.

Қазір біз Әлихан бастаған Алаш арыстарының еңселі ескерткіштері тұрмаған қала – қазақ қаласы емес деп білетін кезге жетуіміз керек еді...

«Біздің іздегеніміз – Алаштың аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар», – деген Алаш көсемінің асыл арманы орындалғанына биыл 30 жыл толады.

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», – деп серт берген Әлихан арманына жете алмаса да, өз айтқанын орындап кетті.

«Ұлтына қызмет ету – білімнен емес, мінезден», – деп, Әлихан Бөкейхан тап басып, тура тауып айтқандай, Тәуелсіздік алған 30 жылда , ар жағына барсақ 100 жыл – 1 ғасырда оянып, мінез көрсететін кезіміз келді!

Әлихан бастаған Алаш арыстары Ел Аманаттарын орындап кетті.

Енді біздің Алаш аманатына адал болып, ата-баба үміті мен ел сенімін ақтау – ең басты парызымыз!

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті**
**Мәжілісі депутаты**

№9-10 (931-932) 08.03.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz




# ЖЕР МӘСЕЛЕСІНЕ НҮКТЕ ҚОЙЫЛАДЫ – ПРЕЗИДЕНТ

## МАКСИМ ҚАЗАҚША, МАРАТ ОРЫСША СӨЙЛЕГЕН КЕҢЕС

**ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысы өтті.**
**2019 жылы 6 қыркүйекте елордадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен алғашқы отырысы өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бұған дейін 4 отырысы болды. Ұлттық кеңес құрамында ротация жасалып отырады. Мәжілістің жаңа құрамында Ұлттық кеңестің 9 мүшесі бар.**
**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық кеңестің ұсынысымен былтыр 13 заң қабылданып, 9 заң дайындалуда екенін атап өтіп, кеңес ел мүддесі үшін ерекше маңызды шешімдер қабылдайтын құрылымға айналғанын айтты.**



**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

«Заң шығару жауапты әрі күрделі жұмыс екені баршаға белгілі. Осы тұрғыдан алғанда кеңес мүшелері ауқымды жұмыс атқарды. Ұлттық кеңес алғашқы кезеңде өз қызметін консультативті-кеңесші орган ретінде бастады. Ал бүгінде жаңа реформалар ұсынатын маңызды құрылымға айналды. Кеңестің әрбір мүшесіне белсенді қоғамдық қызметі үшін ризашылыымды білдіремін»,- деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық кеңесте мемлекет басшысы халық үшін өте маңызды жер мәселесіне нүкте қойылатынын мәлімдеді. Шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржола тыйым салуды тапсырды. Бұл шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға да қатысты.

Жер мәселесін шешуге байланысты бір айдың ішінде 25 наурызға дейін Жер реформасы жөніндегі комиссия құрылатын болды. «Комиссия жұмысының әрбір кезеңі және онда ұсынылған шаралар туралы халықты үнемі хабардар етіп отыру керек. Басты міндеттің бірі – комиссия жұмысының және шешім қабылдаудың ерекше ашықтығын көрсету. Біз жерге қатысты қоғам тарапынан көтерілген барлық мәселені дұрыс және тиімді шеше аламыз деп сенемін», – деді Қазақстан Президенті.

Жердің шетелдіктерге сатылмауы мен жалға да берілмеуі – халық күтіп отырған ең басты мәселе! Бұндай талап саяси бағдарламасында жазылған «Ақ жол» партиясы фракциясы биылғы 20 қаңтарда Парламент Мәжілісінің жаңа құрамының алғашқы жалпы отырысында да жер мәселесін қайта көтеріп, мораторий аяқталып келе жатқандықтан, жер мәселесіне түбегейлі нүкте қоюға шақырған болатын.

### АУДАН ӘКІМДЕРІ ДЕ САЙЛАНАДЫ

Сонымен қатар ҚР ПРезиденті Қ.Тоқаев саяси реформаларды жалғастыру мақсатындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатын мәлімдеді. Биыл тамыз-желтоқсан айлары арасында 786 ауыл әкімін халық сайлайды. Әкімдер сайлауы мұнымен шектелмейді. 2024 жылы аудан әкімдерін де тікелей халық сайлайтын болады. Бұл мәселе де «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы басты мәселелердің бірі еді. Партия аудан, қала, облыс орталықтары мен мегаполистер әкімдерін халық сайлау керектігін ұсынған болатын. Өйткені халық сайлап, халыққа есеп беретін әкім – халық жағдайын жасайды.

Ұлттық кеңесте мемлекет басшысы тұрғын үй, баспана мәселесін жақсарту, энергия күштерін дамыту мәселелерін көтерді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың жұмысын тиімді етіп, реттеуді айтқан мемлекет басшысы «Жаңарған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар жергілікті бизнестің бәсекелесі емес, сенімді серіктесі болуға тиіс».-деді.

«Білім беруде барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік беру керек»-деген Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл саладағы маңызды қадам – ақпараттық-коммуникациялық технологияны үздіксіз жетілдіре беруді тапсырды. Педагогика мен медицина мамандықтарын даярлау мәселесін атап өтті. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолайлы жағдай жасау керектігіне назар аударды.

Әлі тамыры жойылмай отырған ауыр кесел – құмар ойындарының жолын кесуде қоғамдық бақылаудың рөлін арттырып, тиісті құзыретті органдар жұмысын күшейту керектігіне тоқталды.

Ұлттық кеңесте мемлекет мүддесін қорғап, жақсы сөйлеген белгілі журналист, қоғам қайраткері Максим Рожин болды. Бір қызығы Максим Рожин мемлекеттік тілде майын тамызып, маңызды мәселе көтерсе, Марат Шибұтов Ресейдің мемлекетік тілінде сөйледі..

Иә, саяси реформалар барлық жаңғырудың басы екені анық. Өйткені қазір халықтың қоғамдық-саяси белсенділігі артып, үкіметке қояр талабы күннен күнге күшейіп келеді. Әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсылық артуда.. Сондықтан ең бастысы, мемлекет басшысы айтқандай, «Жаңғырудың түпкі мақсаты – әділ қоғам орнату» болуы тиіс.

# ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖЕРІ ҚАЙДА КЕТТІ?

**«Ақ жол» Демократиялық партиясы еліміздегі жоғарғы білімнің қара шаңырағы – Қазақ ұлттық университетіне тиесілі жер аумағы көлемінің белгісіз себептермен азаюына байланысты алаңдаушылық білдірді. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында тиісті депутаттық сауалды фракция депутаты Берік Дүйсембинов жолдады.**

**ҚР БАС ПРОКУРОРЫ Ғ. Д.НҰРДӘУЛЕТОВКЕ,**
**ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ А. Қ.АЙМАҒАМБЕТОВКЕ**

«Ақ жол» фракциясының сауалы Қазақ елінің шамшырағы болған, қабырғасында Қаныш Сатбаев пен Мұхтар Әуезов дәріс берген, ал жұлдызды түлектерінің тізімі осы сауалға сыймайтын, Қазақстанның жоғары білімінің қара шаңырағы Қазақ ұлттық университеті туралы болмақ. Бір ғасырға жуық тарихы бар Ұлттық университеттің бүгінгі жанашыр түлектері мен қоғам белсенділері Университетке тиесілі жер аумағы көлемінің белгісіз себептермен азаюына байланысты алаңдаушылық білдіруде.

Жер құқығы бойынша сарапшы, заңгер Бақытжан Базарбектің мәліметтеріне сүйенсек, 2012 жылғы 30 қаңтардағы Алматы қаласы әкімінің қаулысына сәйкес жалпы көлемі 73,26 гектар жер Университеттің пайдалану құқығына берілген. Ал, 2017 жылы 2 қазанда Алматы қаласының әкімінің № 4/392-22-36 деген қаулысына сәйкес ҚазҰУ-нің жалпы жері үлестерге бөлініп, жер көлемі – 72,48 гектар болып шықты. Соның ішінде ҚазҰУ-нің тікелей үлесін алатын болсақ, ол – 71,40 гектар жер, яғни, оқу орнының жалпы жер көлемі 1,8 гектарға азайғанын байқаймыз. Осы орайда, «Университетке тиесілі жер неге азайған?» деген сұрақ туындайды. Еліміздің білім ордасында оқитын жастарымыздың игілігіне арналған жер белгісіз біреулердің еншісінде, қазақша айтқанда, «ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында» кете бермек пе? Осы мәселеге кімдер жауапты деген сұраққа өкілетті органдардан мардымды жауап болған жоқ.

Мұндай жағдайлар тек Ұлттық университетпен ғана шектеліп жүрген жоқ. Еліміздің әр аймағында жоғарғы оқу орындарының жер телімдерінің жеке меншікке сатылып жатқанын, студент жастар тұратын жатаханалардың азайып, Университет меншігіндегі оқу процестерін қамтамасыз ететін қосымша жылжымайтын мүлік обектілерінің саудаға салынып жатқанынан бұқаралық ақпарат құралдарынан және барлығын көріп біліп отырған елдің аузынан естіп жүрміз. Мысалы, Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің бас ғимаратынан он қадам қашықтықта орналасқан өндірістік шеберхана бүгінде ойын-сауық орнына айналған.

Жоғарыдығыны баяндай келіп, «Ақ жол» фракциясының депутаттары:

1. Мемлекет мүддесі мен жастардың білім алу болашағын ескере отырып, Қазақ Ұлттық университетіне тиесілі жер аумағынан жер учаскелерінің бөлініп шығарылғаны қаншалықты заңды екенін тексеріп, заңсыздық орын алған жағдайда жауапты адамдарды және халқымыз киелі санап, әрқашан ерекше құрметпен қарайтын білім ошақтарына қарап аузын ашып отырған тоғышарларды жауапқа тартуды;

2. Осындай тексеруді облыстарда орналасқан жоғарғы оқу орындарында да жүргізіп, нәтижесін бізге хабарлауларыңызды сұрайды.



№9-10 (931-932) 08.03.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ОРЫСША СӨЙЛЕМЕСЕК, БЫЛЫҚҚА БАТА БЕРЕМІЗ БЕ?!

## ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаға «Қазақ үні» газеті редакциясына

**Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы! Кереку (Павлодар) қаласы Ломов көшесіндегі 100 пәтерлі №39 үйдің тұрғындары атынан арыз жазып, Сіздерден көмек сұрауға мәжбүрміз. Тұрмыстық тауқымет бір қарағанда адамдардың жеке өз мәселесі сияқты көрінгенмен, шын мәнінде жергілікті биліктің адамдардың талап-тілектеріне атүсті қарауы мен кейбір іс-әрекеттері қазақ тіліне, мемлекеттің басты мақсаттарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасына қарама қайшы болғандықтан осы хатты жолдамасқа амалымыз жоқ.**




Өз басым аталмыш үйдің 1-ші қабаттағы пәтерімде тұрып жатқаныма 12 жыл болды. Осы жылдар бойы үй астындағы жертөледе құбырлар жиі жарылып, үнемі су ағып, апаттық жағдайдан көз ашқан емес. Соңғы бірнеше жылдар оған қоса кәріз құбырлары бітеліп, қалдық су жертөлеге жайылып, жағымсыз иіс бүкіл үйді улап, адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруде.

Өткен жылдың соңғы күндерінен биылғы ақпан айының алғашқы аптасы аралығында жертөледегі кәріз құбырларынан толассыз қалдық су төгілген соң 6 ақпанда қаладағы «Орбита» пәтерлер кооперативі төрағасы Б.Шаяхметовтың, Тұрғын Үй инспекциясы басшысы К. Желдібаевтың және қала әкімі Ержан Иманислямның атына осы үйдің 26 тұрғыны қол қойып, арнайы хат жолдадық. Е.Иманислямның орынбасары Д.Сақанов, Тұрғын Үй инспекциясы басшысы К. Желдібаев, «Павлодаргорводоканал» (ГВК) ЖШС басшылығы келіп, үйдің жертөлесіндегі жағдайды өз көздерімен көрді. Қала басшыларының келгенін естіген тұрғындар да жиналды. Мен ГВК бастығының орынбасары Вадимге (тегін білмейміз): «Сіздер тек қазақ тіліне емес, ақшасын төлеп, қызметтеріңізді тұтынатын тұрғындардың талабына түкіре қарап, неге қорлайсыздар?» – дедім таза қазақ тілінде. Менің қалада кімнен болса да қазақ тілінде сөйлеуді талап ететінімді жақсы білсе де қала әкімінің орынбасары Д.Сақанов маған: «Неге қазақша сөйлейсіз, олар түсінбейді!» деп өзінің ұлтын да, мемлекеттік тілді де жиналған жұрттың алдында аяқ асты етті. Егер өзіміз талап етпесек, олар қазақ тілін қайтып үйренсін? Онсыз да қазақ тіліне пысқырмайтын, тіпті орысша сөйлемесең бастықтарына кіргізбейтін «ГВК» өкілдерінің алдында бізді ғана емес, мемлекеттік тіліміздің де беделін түсіріп жығып берді.

Жалпы бұл қаладағы көптеген мекемелердегі қызметкерлер қазақша сөйлесең ата жауын көргендей болады. Қазақ тілінің мемлекеттік ресми тіл екенін мүлдем білмейтіндей көрінеді бізге олар. «ГВК-ның» «показания счетчика даем» дегеніне қазақшаны талап ететіндігімнен мені қаржылық жағынан қыспаққа алған сыңайы бар. Есептегіш бойынша 300-400 теңге төлеудің орнына, маған орта есеппен 1500 теңге деп төлем түбіртектерін жібереді. Бұны әкімдер де біледі. «Тіл деп қыр соңымыздан қалмайсың, ал енді төле артығымен!» деп отырғандай маған.

Қала басшыларына жолдаған хат қазақша жазылған, оған орыс тұрғындар да қол қойған болатын. Д.Сақановтың «қазақша неге сөйлейсіз?» дегені намысыма тиіп: «Мемлекеттік қызметкер бола тұра, қазақ тіліне бұғат қоймай, тым болмаса аузыңызды жауып үндемей-ақ қоймадыңыз ба?» дедім. Соны келесі күні қала әкімі Е.Иманислямның өзіне де «Қайдағы бір құл саналыларды жиып алғансыз?» деп айттым. Ол құл емес, деп бастаған әкім өзінің орынбасарын қорғаштап бақты. Атқа мінерлер қатты ренжіген болулары керек, орыстармен қазақша сөйлегенім үшін және қазақ тілін қорлаған қала әкімінің орынбасарының аузын жапқаным үшін бе, одан кейін 1 айдай уақыт өтсе де тұрғындарымыздың талабы бойынша түк істелмеді. Бар бітіргендері осы арада «ГВК» мекемесі «Восточная кухня» кафесінің қожайынына хат жазды. Кафеге бізбен және көрші 41 үйлердің кәріз жүйесіне заңсыз қосылдың деп кінә тағып тынды. Апатты жағдайды жоюдың орнына бір коммерциялық мақсаттан (құжаттары бойынша кафе емес, киім сататын дүкен) басқа бағытқа ауысқанда бізге хабарламадыңдар деп айыптады кафе иесін.

Қала басшылары тарапынан еш нәтиже болмағандықтан, келесі хатты (27.01.2021ж.) Павлодар облысы әкімі А.Сқақовка, облыс прокуроры К.Абдихановка, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департамент басшысы А.Тастемировка жаздық. Қызығы, А.Сқақов тұрғындардан түскен хаттарға жауап жазуды мемлекеттік тілден хабары жоқ, бірақ қазақша аудармашы арқылы жазатын Нефедова дегенге беріп қойған. Ол, мейлі қай тақырыптағы хат келсе де, Сқақовқа бермей, қала әкіміне сырғытып отырады екен. Сонда Нефедова облыс әкімі Сқақовтың функцияларын өз міндетіне алған ба? Әлде Сқақовты өңір халқының мұң-мұқтажы мүлем алаңдатпай ма? 100 пәтерлік үйдің тұрғындары нәжіске бата берсін дегені ме? Облыс әкімінен күдер үзген соң, қалалық әкімшілігін қайта мазалап, «ГВК-дан» кафенің су жүйесіне бітеме (пломба) салуын сұрадық. Бірақ кафе осы күнге дейін істеп тұр. Үйдің жертөлесіне бұрынғысынша нәжіс аралас қалдық су ағып жатыр. Рас, көршілерімнің толассыз қоңыраулатуының арқасында «ГВК» жұмысшылары арасында кәріз құбырларын тазалап кеткені бар. Бірақ бұл жұмыстары мәселені түпкілікті шешпейді.

Апта бойы қоңырау шалғанда тұрғындар үлкен сенім артқан прокуратура 1 рет қана тұтқаны көтерді. Сөйтсек олар да біздің хатымызды ештеңе бітірмейтін қала әкімдігіне жіберіпті. Тұрғындардың ресми хатына заң бойынша жауап беру өздерінің міндеті екенін құқық қорғау органы қажет деп таппапты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаменті де қалалық әкімдік пен басқа да қалалық мемлекеттік мекемелерге хат жіберген. Қарап отырсаңыз «Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайдының» кері келіп тұр. Ал қалалық құзырлы мекемелер хаттың келгенін растап, бірақ жемқорлыққа байланысты тексеру жүргізуге негіз жоқтығын айтады. Өйткені кімге пара беріп, кімді нақты айыптау керектігін жазбағансыздар дейді. Сонда қатардағы қарапайым адамдар өз міндетін дұрыс атқармайтын мемлекеттік қызметкерлер мен жемқор қылмыскерлерді қалай ұстамақ? Оны тұрғындардың арыз хаттарына орай құзырлы орындар тексеру керек емес пе?

Бұл қалада қазақ тілінде сөйлеуді талап ету барлық жағынан қауіпті болып барады. Осыдан екі жыл бұрын облыстың бұрынғы әкіміне қарата «Бақауов тарт қолыңды қазақ тілінен!» деген плакатпен көшеге шыққаннан кейін мені машина қағып кетті. Бұны біреулер ұйымдастырды деген күдігім бар. Былтыр қыркүйекте менің мәселемді 174-баппен қарастыру керек деген хатпен қорқытпақ болған-ды. Олардың ойынша Қазақстанда қазақ тілінде қызметті талап ету ұлтаралық қатынасқа сына қағу болып табылады екен. Сонда елімізде қазақ тілі мемлекеттік ресми тіл деген заңымыз қайда қалады? Тіпті, қазақ тілінде сөйлеуді талап еткенім үшін менің соңыма андитын қарақшыларын салып қойды. Оны менің жеке басыма қатысты жағдай делік. Енді міне, халық талабына құлақ аспайтын мемлекеттік қызметкерлердің кесірінен жүздеген отбасы тұрмыстық тауқымет көріп отыр. Қала басшыларының өз қызметіне деген осындай жауапсыздығы бүкіл үйді апаттық жағдайға жеткізді деп есептейміз. Осылай жалғасып кете берсе бүкіл үй опырылып құлап, жүздеген тұрғындардың өміріне қауіп төндіруі әбден мүмкін. Сондықтан тұрғындарымыздың төмендегідей талап-тілегін назарларыңызға ұсынамыз.

1. «Восточная кухня» кафесінің кәріз жүйесі үй құбырынан ажыратылсын.
2. Үйдің жертөлесіндегі ағып жатқан қалдықтар мен су тоқтатылсын.
3. 39 үйдің жертөлесі быққан нәжістен тазалансын.
4. 1-ші қабаттағы пәтерлердің қалдық сулардан зақымданған еден асты бетон плитасы жөнге келтірілсін.
5. Барлық құбырлар жаңа, сапалыға ауыстырылсын.

Хат соңында осы жазғандарымызды басшылыққа ала отырып, Павлодар қаласында орын алған бұл өрескелдікті Парламенттің тиісті комитетіне, қатысты жоғарғы органдарға жеткізулеріңізді сұраймыз. Бұндай жауапсыз әкімдер мен өзге де мемлекеттік қызметкерлер бүгінгі лауазымдарына сай емес, орнын босатулары керек. Қала тұрғындарынан келіп түскен қаншама хаттар жоғарыға жеткізілмей, қаншама тұрғындар осындай жағдайға тап болып отырғанын осы бір мысалдан-ақ көруге болады. Сөзіміз нақты болу үшін облыстық, қалалық әкімдіктер мен түрлі мемлекеттік мекемелерге жазған хаттарымыздың көшірмесін бірге жіберіп отырмыз.

**Құрметпен,**
**39 үй тұрғындарының атынан**
**Руза БЕЙСЕНБАЙТЕГІ**
*Павлодар қаласы*

*• Дүбірлі дүние*



## ПАШИНЯНҒА ДА ТЫҚЫР ТАЯНДЫ

Армения қарулы күштері премьер-министрдің отставкасын талап етіп жатыр. Оған Бас штаб басшысының бірінші орынбасарының қызметінен босатылуы себеп болған. Осыған байланысты қарулы күштер Никол Пашинянмен қоса үкіметтің де отставкаға кеткені дұрыс дейді. Бірақ биліктен халыққа қарсы күш қолданбауын сұрап отыр. Ал премьер-министр әскерилер осылайша төңкеріс жасамақ болды деп айыптауда. Осы ретте Никол Пашинян жақтастарын Республика алаңына шығып, «елдегі жағдай бақылауда, қарулы күштер халық пен үкімет басшысына бағынады» деп мәлімдеді. Ереван көшелерінде премьерге қарсы оппозиция жақтастары жиналып жатыр. Республиканың арнаулы қызметі азаматтарды ұлттық қауіпсіздікке қатер төндірген іс-әрекеттерден аулақ болуға шақырды.

## ОРТАЛЫҚ АМЕРИКАНЫ АШТЫҚ ЖАЙЛАДЫ

Аймақтағы Сальвадор, Гватемала, Гондурас және Никарагуада соңғы екі жылда аш адамдардың саны 4 есе өскен. Мұндай сұмдық мәліметті Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін мамандар жариялады. Сарапшылардың айтуынша, аштыққа аталған 4 мемлекеттегі экономикалық дағдарыс себеп. Қазір бұл елдерде 8 миллионға жуық адам бір тілім нанға мұқтаж. 2018 жылы аш-жалаңаш жандардың қатары 2 миллион 200 мыңдай болған. Сондай-ақ Гондураста былтыр қарашада екі рет дүлей дауыл соғып, үйлерді қиратып, қарапайым халық үшін жығылғанға жұдырық болды. Зерттеуге сәйкес, адамдардың 15 пайызы басқа елге көшуге дайын жүр. Туған елінен безінуге экономикалық дағдарыс мәжбүрлеп отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік бағдарламасы биыл 2 миллион 600 мың адамға көмек беруді ұйғарды.

## ІРІ КӨЛЕМДЕГІ КОКАИН ТӘРКІЛЕНДІ

Германия мен Бельгия кеденшілері 23 тонна кокаин тәркіледі. Жүк Нидерланд еліне жіберілмек болған. Оның 16 тоннасы Гамбург портында Парагвайдан келген жүк контейнерлерінен шыққан. Ал қалғаны Панамадан Бельгияның Антверпен портына келген контейнерлерден табылды. Қылмыскерлер есірткінің бірін ағаш тақтайшалар арасына салса, екіншісін қабырғаны толтыратын материалға араластырып шыныға жасырған. Неміс портында қолға түскен есірткінің құны 1,2 миллиард еуроға бағаланып отыр. – Осы іске қатысты Нидерландтағы жүк қабылдаушы компания мен бірнеше қойма тексерілді. 28 жастағы бір азамат ұсталды. Германияда тінтулер әзірге жүргізілген жоқ. Бірақ іске қатысты тергеу жүріп жатыр, – дейді Гамбург кеден қызметінің өкілі Рене Матшке.

**Халқымыздың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы туралы ғылыми диссертация қорғап, қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы дәрежесіне көтерілген Ермұхан Бекмаханов есімі дәл сол сәттерде бірталай елдің оқымыстыларын жалт қаратып, шартарапты шарлап кеткен екен. Бірақ оның XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақ елі тарихын шынайы баяндауға тырысқан осынау құнды еңбегін солақай билік көп ұзамай-ақ теріске шығарып, авторды қуғындап, қамауға алады. Енді елім деп еңіреген сол көрнекті тұлғаның өмір жолындағы белгілі жетістіктері мен бастан кешкен ауыртпалықтары жөнінде жан жары Халима Бекмұхамедовадан сыр тартып отырмыз.**



# Ару ана,

### СОЛ БІР КӨКТЕМ

Күйеуі бұдан елу жылдай бұрын дүние салған Халима Адамбекқызы жолдасынан күні кеше ғана көз жазып қалғандай, екеуара әңгімені нақпа-нақ, тебірене баяндайды:

*– Көктем айы еді. Ташкенттің май тоңғысыз шуақты күндері. 1946 жыл. Алғаш кездескен сол бір айлы кештердің бірінде жанымды толқытып, есімде мәңгі қалған әсер – Ерекеңнің ақырын ғана ыңылдап салған әні еді. Абайдың «Айттым сәлем Қаламқасы». Оны ән тілімен жеткізген өз жүрегінің үні деп қабылдадым. Расында да, арамызда «маған ұнайсың, сүйдім, күйдім» деген сөз болған емес. Осы әуез арқылы бір-бірімізді айтпайақ ұғынысқандаймыз. Мен де келісетіндігімді көз жанарыммен-ақ, қабақ қағысыммен-ақ сездірген секілдімін.*

*Айтпақшы, оның ең алғашқы сыйлығы да өте тосын – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы. Әлі күнге дейін үйде тұр...*

Көкейде «апайымыз Ташкентте неғып жүр. Өзбекке қатысы бар ма» деген ой қылаңдайды. Сергек жан осыны аңдағандай әсем күлімсіреп, сөз сабақтайды:

*– Шешем Айша – зайсандық бір байдың қызы екен. Әкем Адамбек Бекмұхамедов Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде атылып кетіпті. Осыдан соң анам мені алып, Ташкентке барып бас сауғалауға мәжбүр болады. Алдында үш баласы өліпті. Тірі қалған мен тұңғыш перзенті екенмін. Солайша тағдыр тәлейімен жанұшырып, қолұстаса қашып жүріп, өзбек ағайындардың астанасынан бір-ақ шығыппыз. Мені орыс мектебінде беріпті.*

Өмірдерегін шолсақ, Ермұхан ағамыз 1946 жылы отыз жас шамасында болар. Бұ кісінің жолы Ташкентке қалай түскен.

*– Мұнда ол кезекті диссертациясы дайындығымен жүрген көрінеді, – дейді Халима апай. – Ал мен осындағы Орта Азия мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмәмдағалы жатқанмын. Диплом жұмысын қорғау әркетімен Навои атындағы кітапханасында отырғанмын. Міне, сол жерде кездейсоқ ұшырасып, тіл қатысып қалдық та, тез табысып кеттік.*

*Осылайша, Ермұхан мені күн сайын кітапханадан үйге дейін шығарып салып жүрді. Сөйлесе келе өзімнен он жастай үлкен екенін білдім. Сөз орайында айта кетейін, Ерекең төлқұжатында 1915 жылы туған деп көрсетіліпті. Бірақ комсомол қатарына тезірек өту үшін бір жас қостырып жаздырып алғанын айтты. Тартымды жан екені бірден байқалған. Екі көзі шоқтай жайнаған, орта бойлы жігіт. Ерік-жігер, ақыл-ойы да ересен сияқтанды. Көз алдымда жарқыл қаққан, бидай өңді, керемет қазақ жігіті тұрды. Жан әлемінің тазалығы да жарқын күлкісінен көрінді.*

*Дегенмен, жап-жас жігіттің «докторлық қорғағалы жүрмін» дегенін қыз алдында мақтанышпен сәл-пәл асыра айтқаны-ау, кешірімді деп қабылдасам, шын екен. Кандидаттығын үш жыл бұрын Мәскеуде қорғап үлгеріпті. Екі-үш күн аралығында-ақ анық байқалғанындай, оның ғылыми іске шексіз берілгендігін аңғардым. Бұл да азамат болмысын одан сайын айшықтай түскендей болды.*

Халима Адамбекқызының өзі де сонша келбетті, сұлу адам болғаны көрініп тұр. Және әрбір ұтқыр лебізі арқылы ой-өрісінің кеңдігі, асқан талғампаздығы, парасаттылығы байқалады.

*– Кейін білсем, Ерекең екеуміздің тағдырымыз аздап ұқсайтынын байқадым. Бұл да бес-алты жасар кезінде анасынан, бозбала шағында әкесінен айырылыпты. Бір қарындасы мен жалғыз ағасы бар екен, олар да сол шақтарда туған жерлері Баянауылда қайтыс болыпты. «Шешемнің қай жерге жерленгенін де білмеймін» деп мұң шаққаны бар. Бұл да бір жазылмас жүрек жарасы секілді. Сол замандардағы жоқшылық, аласапыран ауыртпалық дарынды жеткіншектің денсаулығына да орасан зардабын тигізгендей. Дегенмен, өте жақсы оқыпты. Кейін кейбір қатарластарының өз естеліктерінде жазғанындай, сол кездердің өзінде аса алғыр бала екен. Тоғызыншы кластан соң Семейдегі жоғары оқу орындарына даярлайтын курсқа түседі. Оны бітірген соң Алматыға келіпті. Бірақ жерлесі, белгілі ақын Дихан Әбілев: «Ермұхан, сен төре тұқымысың. Сондықтан саған мұндағы кейбір туысқандар күн көрсетпес. Демек, оқуды Ресейде жалғастырғаның дұрыс-ау» деп кеңес қосады. Сөйтсе, Мәскеу мен Ленинград институттарына ешбір жолдама жоқ екен; бәрі бөлініп қойылған. Сол себепті, Тамбовты таңдайды. Онда екі жыл оқыған соң үшінші-төртінші курстарды Воронежде жалғастырады. Жатақханада тұрыпты.*

### ШЕШЕ ҚУАНЫШЫ

Әлбетте, әрбір ана өз перзентінің дүниедегі ең бақытты адам болуын қалайды. Айша шешей де бойжеткен жалғыз қызына толайым ырыс-бақ тілегені түсінікті.

*– Ермұханға көңілімнің құлағаны соншалықты, осынау жүзінде нұр ойнаған жігітпен баяғыдан біте-қайнасып келе жатқандай, өзімді етене жақын сезіндім. Ол алғашқы кездесулерде-ақ жан сырын айтқан. Әйелі бар екен. Өзге ұлттың өкілі көрінеді. Өсіп келе жатқан үш қызы туралы сөзді де жасырмады. Сонау қосағымен қанша уақыт бірге тұрып келе жатқанмен, жарасын кете алмағанын да жеткізді. Мына сәт тым қорғансыз халде, жүдеңкіреп жүрген кезі көрінеді. Шынын айтайын, осы жағдайды әлдебір тылсым түйсікпен ә дегеннен өзім де сезгендей едім. Содан ба, осынау азаматқа сүйеніш болсам, жәрдемдессем деген іштей даярлығым да жоқ емес-ті. Себебі, шығармашылық адамына, оның арасында үлкен ғылым жолына түскен жанға лайықты қамқорлық қажет екенін білетін едім.*

*Бірде кешкісін шәй үстінде осы жағдайдың бәрін шешеме де жайып салдым. Недәуір ойланды. Одан соң: «Тағдырың шығар, құлыным. Мен бөгет болмаймын. Өзара тіл табысып жатсаңдар, ақ батамды беремін» деді. Қатты қуанғанын аңдадым. Айналамда өзбек ағайындар, өзге халық өкілдері көп еді. Сондықтан анам менің басқа ұлтпен қосылуымнан қауіптенсе керек. Бірде, тіпті, тек қазаққа қосылуым қажеттігін еткертіп те қалғаны бар еді. Кітапханада ұшырасқан адамды «іздеген кісім – осы, иә, бұл менің тағдырым деп» шешкенім есіме түсті.*

Ермұхан Бекмаханұлы арада біршама уақыт өткенде Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғайды. Ол осы сапарға болашақ қалыңдығы Халиманы да ала кетуді ұйғарады.

*– Менің де дипломым енді ғана қолға тиген сәт еді. Ермұхан мені өзімен бірге ала кеткісі келетінін айтты. Өзімнің қуана келісетінім белгілі ғой, анам жібере қоя ма деген сұрақ алдыдан шықты. Ақырындап айтып көргенімде о кісі: «Ақылсыз қыз емессің, жаным. Кәмелет жасқа әлдеқашан жеттің. Ендігі өмірлік әрекеттеріңе тек тілектестігімді ғана білдіремін» деді.*

*Солайша аттандық. Қорғау ғажап болды. Және бір тамашасы ғылыми іс-шараға қазақтың сорпа бетіне шығатын даңқты ұлдары Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллиндер қатысты. Сол кісілермен жақын таныстым.*

*Ерекең керемет қорғады. Материалды тыңғылықты зерттегені, тақырыпты терең білетіні байқалып тұрды. Барлық қиын сұрақтарға ұтқыр жауап берің, тәнті етті. Қаныш аға қорғау аяқталған соң Ермұханды құшақтап құттықтап, ризалығын білдірді. Өз қалтасынан қомақты қаржы шығарып, жиналған меймандарға қорғаушының атынан мол дастархан жайды.*

*Ерекең кейін де мені Ленинград сапарына шақырды. Қонақ үйінде тұрдық. Сол жолы оның жанында екі айдай жүрдім. Етегінен ұстадым деген де осы болар...*

### ҮЙЛЕСІМ СЫРЫ

Апай әңгіме арасында сонау Ташкенттегі Новои кітапханасында өткен қимас кездесу елестеріне оралып соғып қояды.

*– Қызық болғанда, болашақ күйеу жігітпен ең алғашқы кездесуге кешігін қалыппын. Ұзағырақ сәнденіп, бөгеліңкіреп қалсам керек. Ентігін жетсем, ұшырасуға келіскен жерде жігітім жоқ. Сөйтсем, ол кешігуді онша ұнатпайтын адам екен.*

*Аяңдап барып, кітапханаға кірсем, сонда отыр. Кешірім сұрауыма тура келді. Бірақ ренжігенін байқатпады. Дегенмен, әлгі күтпеген әрекетімен ендігіде белгілі тәртіпті қатаң сақтау қажеттігін мықтап ұқтырды. Өзі әрдайым уақытпен дәл жүретін адам еді. Өте ретімпікті, жүйелілікті қалайтын. Онымен жиырма жыл бірге тұрғанымызда баратын жерге ешбір кешіккенін көрген емеспін.*

*Әуестігі жағына келсек, өнерді шексіз сүйген жан-ды. «Егер мен тарихшы болмағанда сөзсіз өнертанушы, оның ішінде музыка зерттеушісі болар едім» дегені*



# АСЫЛ ЖАР

*бар. Домбыра, мандолина, пианино сияқты барлық аспапты тарта білетін. Бәрін өз бетімен үйреніпті. Әмбе жоғары деңгейде орындайтынын кәнігі мамандар да мойындайтын. Байғали Досымжановпен дос болды. Хадиша Бөкеева, Шәкен Аймановтармен жақсы араласты. Бірде Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» пьесасы туралы жақсы рецензия да жазғаны бар.*

*Көркемсурет, сұңғат өнеріне құштар еді. Түрлі қолтумалар сырын білгір сыншыдай талдап отыратын. Жан-жақты дарын иесінің ең сүйікті ісі ретінде кітапқұмарлығын айтудың реті бар. Бүкіл ғылымға қызыға, құныға араласушы еді. Ключевскийдің, Соловьевтің еңбектерін де түгел дерлік оқыды. Бірде өзіміз ақшадан тарлық көріп жүрсек те, Букинист кітапханасынан Шоқан Уәлихановтың еңбектерін сатып алғанымыз есімде. Кітаптан қаржы аямайтын.*

*Уақыты өте тығыз болса да бірде бір музейді жібермейтін. Біз екеуіміз қолұстаса жүріп Эрмитажды, Третьяков галереясын әбден араладық. Осылайша, біртіндеп, қосағымның жан әлемі қалауына бейімделіп кеткенімді өзім де байқамай қалғандаймын.*

*Ә дегеннен айтқаны – біздің алдымызда түрлі қиындықтар кездесетіні анық. Соның бәріне төзіп, көнуіңе тура келеді деді. Келістім. Әлгінде айтқанымдай, іштей дайындалып үлгерген едім. Ауыртпалықтар көп болды. Сүйгендіктен болар, барлық бейнетті бірлесе көтердім. Өтірік айту дегенді білмейтін, қулықсұмдығы жоқ, таң қаларлықтай өте адал адам еді. Жиырма жылдың ішінде мені бірде бір рет алдап көрген емес. Біздің арамызда ақша туралы сөз болмайтынды. Мысалы, ол ғылым докторы ретінде 7200 сом ақша алатын. Осының тең жартысын жылдар бойы алиментке төледі.*

*Жапа шеккен, қиналған кездеріміз де көп болды. Ғылым жолы оңай емес. Жағдай керек. Ал ол үнемі ойдағыдай бола бермейді. Қаржы-қаражат жетіспеді. Бірақ өзі: «Бәрі уақытша, аса күйзелме» деп жұбататын еді.*

*Жан әлемі шексіз бай, рухани кемел кісі-ді. Талмай еңбектенуді үйретті. Кейін со кісінің арқасында өзім де кандидаттық қорғадым. Доцент болдым, оқулықтар жаздым. Өз аспиранттарымды тәрбиеледім. Айтқан ақылының бәрі дұрыс болып шықты.*

*Жасынан ұқыпты, сәнді киінуді ұнататын сері адам еді. Қолымнан келгенше жақсы киіндіруге тырыстым. Және істі зор ықыласпен атқаруға тырыстым.*

*Ғылыми кеңес төрағасы ретінде түрлі деңгейдегі небір жиналыстар өтіп жатады. Тағы бірде Мәскеудегі сондай бір шараға қоса барғаным бар. Оған Мұхтар Әуезов те келіпті. Мұхаң Ерекеңнің сөзіне сондай риза болып арқасынан қақты. Мен өз күйеуімнің біліміне, киген киіміне қатты сүйсініп, кеудемді шаттық кернеп отырды. Көбіне қасына еріп жүретінім еске түседі. Барлық күш-жігер, уақытымды сарп етіп, ер-азаматымның сыр-сымбатына, киіміне, тамағына, келетін қонағының күтіміне қараймын.*

*Кастрюль, ток плита алып жүріп, мейманханаларда сүйікті асын даярлап беремін. Мана айтқанымдай, жасынан денсаулығы осал, нәзік жігіт-ті. Мен қаланың қызы болсам, ол нағыз ауыл баласы еді; борщ, котлет, анау-мынау дегенді місе тұтпады. Қазақша ет, сорпа, бауырсақ, таба нанды жақсы көрді.*

*Жан әлемі нәзік дегенмен, ол батыр да азамат еді. Адамгершілігі мол. Қажет жерінде мінезі қатал. О кісіге қарсы шығу деген мүмкін болмайтын. Шешем де, балалар да, бәріміз қас-қабағына қарап, соның ыңғайымен жүрдік. Мен оған бағындым. Өйткені, сыйлауға, құрметтеуге әбден лайық адам еді. Ол да пенде баласы, барлық кемшілігін кешірдім. Әрдайым бабын тауып, жағдайын жасап, баладай мәпелеп бақтым десем артық айтқаным емес. Оған ешбір өкінбеймін. Ерекең де түсіністікпен қарады. Аса талантты, қызықты, ішкі мазмұны бай, көкірек сарайы да, сырт келбеті де ғажайып сұлу жан еді. Бірде белгілі композитор Евгений Брусиловский ол қайтыс болғаннан кейін: «Сіздің жолдасыңыздың тұлғасы киноактерлер секілді еді» деп қалғаны бар...*

**ҰЛЫЛАРМЕН ҰШЫРАСУ**

Тарихшы Ермұхан Бекмаханов аты аталса, біздің көкейімізде «әйгілі тарихшы өз тағдыры мен бірге тұтас ел өмірінде елеулі орын алатын Кенесары тақырыбына алғаш қалай келді екен?» деген сауал тұрар еді. Осыны Халима Адамбекқызынан сұрамай отыра алмадық.

*— Ерекең сонау Воронежде оқып жүрген жылдары жатақхананың жуыну бөлмесінде ұзын сүлгімен бет-аузын сүртіп тұрып, үнемі терезе алдынан өтетін әлдебір қараторы, мұртты кісіні байқайды екен. Кескін-келбеті қазақтан аумайды дейді. Ақыры сонымен танысуды ұйғарады. Әдейі алдынан шығып:*

*— Ағасы, сіз қазақ емессіз бе? — деп сұрапты.*

*— Иә, бауырым! Өзің қай жақтың баласысың?*

*— Мен Кереку жағында туып-өскен жігіт едім. Қазір осындағы пединститутта оқимын...*

*Таныстық осылай басталады. Сөйтсе, бұ кісі атақты Халел Досмұхамедов екен. Отбасымен жер аударылған көрінеді. Білікті дәрігер. Дегенмен, тарихпен терең айналысатын сияқты.*

*Осыдан кейін ұзақ сырласулар басталады.*

*— Сен осы Кенесарыны білесің бе? — деп сұрайды сөз арасында жас жігіттен Халел ағасы.*

*— Жоқ, ақсақал, шала-пұла атын естігеніміз болмаса, онша таныс емес екенмін.*

*— Мұны терең білгенің дұрыс. Ол елдің азаттығы жолында қан төккен қазақтың ең соңғы ханы...*

*Міне, Ермұханның белгілі тақырыпқа сонша құштарлана кірісуі осындай сөзден басталған екен. Сол секілді Ерекең тағдырына аты әлемге мәшһүр тарихшы, СССР ҒА академигі Анна Панкратованың да алатын орны айрықша. Ол жас ғалымның қабілетіне зор сеніммен қарап, қанатының астына алған ардақты адамдардың бірі. Әріберіден кейін Ермұхан Бекмаханов кейбір әріптестерінің белгілі жаласымен жиырма бес жылға кесіліп, Иркутск облысының Бодайбо қаласында қамауда жүрген кезінде Ермұханның жайымен КПСС ОК Бас секретары Никита Хрущевқа кіріп, 1954 жылы күзде босап шығуына ықпал еткен осы кісі болатын. Ерекең ұсталған соң екі жылға жуық уақыт өткенде абақтыдан босап, артымнан Ташкентке су жаңа костюм-шалбармен, шашын қидырып, иіс суы бұрқырап, жарқырап іздеп келіп тұрғанда қайран қалдым. Сөйтсем, әлгі айналып кетейін Анна Михайловна өзіне шоқпыт күпәйкемен жеткен Ермұханды: «Сенің еліңде досың бар, дұшпаның бар. Сондықтан олардың арасына дұрысталып баруың қажет» деп ине-жіптен шыққандай киіндіріп жіберіпті.*

*Сол секілді, еске түскен соң айта кетейік, Ерекең бүкіл атақлауазымынан айырылып, қызметтен қуылып, Нарынқол ауданына жер аударылғанда болашақ жазушы Бердібек Соқпақбаевпен де бір мектепте жұмыс істеген. Міне, айналайын, өмір деген күрделі нәрсе; ию-қию дүниеде белгілі адамдардың жолдары осылайша түйісіп, тағдырлары шешіліп жататын көрінеді. Мен де Ерекеңді Құдайдың өзіме жіберген ерекше сыйы деп білемін.*

*Бірақ, бір байқауымша, ақылды, парасатты адамға қай жүйеде болсын оңай болмайды екен. Өйткені ол – ерекше жаратылған адам. Тұлғасы сонадайдан айрықша қасиетімен көрініп, биікте тұрады. Ал ондай жерде қызғаныштың, іштарлықтың қоса жүретіні мәлім. Ерекеңнің өзі қызғаныш дегенді білмеген адам еді. Сол секілді ешкімге кек те сақтаған емес. Түрмеден босап келгенінде «мен әлгі жауларыма енді көрсетемін!» деп кіжінгенін де көрмеппіз. Қанафин деген бір танысы 1966 жылы мамыр айының 5-і күні докторлығын қорғады. Әл үстінде жатқан Ермұхан соны сәтті қорғап кетсе екен деп уайымдап, тілеуін тілеп жатты. Ертеңіне өзі қайтыс болды...*

*Шет елдерді бірталай аралады. Әсіресе, Европа елдерінің көбінде табанының ізі қалды. Бір жақсысы, оны зерттеуші ретінде тегін жіберіп тұратын. Қытайға баруды армандаушы еді. Онда да әшейін қыдыру үшін емес, бай архивтеріне кірсем деп үміттенді. «Біз әлі күнге дейін Еуропа ғылымын айналдырып, сол Батыс елдерінің кітаптарына малданып жүрміз. Ал қазақтың нағыз тарихы Қытайда жатыр» деп отыратын. Қазақ елінің жоғары оқу орындарына арнап тарих оқулығын жазсам деп, Алашорда тарихын зерттесем деп, Шоқан Уәлиханов жөнінде монография жазсам деп... армандады. Жоспары көп еді. Арманы көп еді. Бірақ жете алмады.*



***

Халима апай: «Әлгінде Ерекеңнің алғашқы кездесулердің бірінде Абайдың әнін салып бергенін айттым ғой, – деді. – Бұл ән біртіндеп біздің сүйіспеншілігіміздің символына айналды. Қазір де осы әнді қойып көңіл жұбатамын». Содан соң бір сәт тартымды тенор даусымен:

– Айттым сәлем, Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас, –

деп әндетіп қоя берді. Ғажап әнші адам екен. Бұл да біз үшін жаңалық еді. Тебірентіп жіберді.

Апайдың сәл жұмылған көзіне қарасақ, кірпігіне ілінген бір тамшы жас тұр екен. Одан серпіліп, әнтек күлімсіреп:

— Қарашы, Абай атамыздың сөзі қандай ғажап! — деп тамсанады. — Ермұхан ағаларыңдай асыл азаматты әр түрлі қуғын-сүргін, күншіл ағайындардың пәле-жаласы, домалақ арызы әбден титықтатты ғой. Осылайша қорлық-зорлықтың ащы дәмін көп татқан қайран ер елу жасында үзіліп кете барды. Хандық дәуірді көксейсің, ұлтшылсың деген қуғындау науқандарының ғұмыры аяқталмады...

Терең күрсінді.

— Меніңше, адам баласы қандай жағдайда да шыдамды, көнтерілі болу керек екен. «Сабыр түбі — сары алтын» деген сөз бекер емес. Қазақ аз халық, бірақ дарынды, ақылды халықпыз. Жеріміз кең, байлық жеткілікті. Түбі бір жақсылықтарға жететініміз анық... Мен өзі өте бақытты адаммын. Керемет жар сүйдім. Оның ұрпағын өрбіттім. Немере-шөберелерім бар. Құдақұдағи, достарым, шәкірттерім бар. Ерімнің мұрасын жинастырып отырмын. Бұдан артық қандай бақыт керек, — деді.

**Құлтөлеу МҰҚАШ**

■ СӨЗСЫРҒА

## «Домалақ» хат

Бірде Бекмахановтар үйіне Бұқара қаласынан хат келіпті. Әлдебір белгісіз әйелдің атынан жазылған екен. Ашып қараса: «Оңбаған Ермұхан! Бізді жылатып неге тастап кеттің? Алиментті қалай төлейсің?!» деген сөз жазылыпты.

«Домалақ» хаттың иесі «Бұқара» деген мекен-жайды жазғаны болмаса, конверт сыртына жергілікті почта мөрі басылатынын ескермеген сияқты. Анықтап қараса, осы Алматыдан жазылған дүние болып шығады.

Сонда атақты ғалым:

– Ойпыр-ай, мыналар енді түк таппағандықтан, менің бала-шағамның арасына іріткі салғысы келгені ме! – деп ойран-асыр болыпты.

– Мойыма, сен адалдығыңды, биіктігіңді менің ғана емес, бүкіл халқыңның алдында әлдеқашан артығымен дәлелдеген адамсың! – деп жұбатыпты асыл жары Халима.

Расында да, Астананың қақ ортасында қасқайып, қиырларға көз тіккен Кенесары хан ескерткіші Ермұхан Бекмаханов мұратының дұрыстығын күн сайын паш етіп тұрған сияқтанады.

# БИЗНЕС ӘЛЕУЕТІ ӘЛСІРЕМЕСІН

**Ауылшаруашылық министрлігі 2021-2026 жылдардағы бизнеске арналған бағдарламаны бизнес өкілдерінсіз жазып жатыр. «Ақ жол» партиясының мүшелері АӨК-тегі бұрын қолданыста болған салалық және мемлекеттік бағдарламаларға талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде осы бағдарламаның әсерін едәуір төмендететін заңдылықтарға алаңдаулы. Тиісті депутаттық сауалды фракция депутаты Азамат Әбілдаев жолдады.**

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ. МАМИНГЕ

Мемлекет басшысы өзінің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде ел үшін ең негізгі және бірінші кезектегі стратегиялық міндеттердің бірі ретінде ауыл шаруашылығының әлеуетін жедел күшейту қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Жалғасып келе жатқан пандемия мен экономикалық турбуленттілік агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі – АӨК) ел халқының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағынан да, бір миллионнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны мен екі миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылық қызметкерлерін тұрақты жұмыспен қамту тұрғысынан да аса маңызды екенін тағы да дәлелдеп берді.

«Ақ жол» партиясының мүшелері АӨК-тегі бұрын қолданыста болған салалық және мемлекеттік бағдарламаларға талдау жүргізді. Мен барлық бағдарламалардың атын атап жатпайын, қазіргі уақытта 10 бағдарлама бар.

Талдау нәтижесінде осы бағдарламаның әсерін едәуір төмендететін келесі заңдылықтар анықталды:

1) АӨК экономиканың базалық саласы болып табылатынына және бір министрліктің құзыретінен (білім беру, экономика, инфрақұрылым және ауылдық аумақтар, фискалдық саясат, кредит беру, бюджет қаражатымен қамтамасыз ету және т.б.) асып түсетініне қарамастан, бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру, сондай-ақ АӨК-ті дамыту бағдарламаларына жауаптылық тек Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – ҚР АШМ) күшімен және мемлекеттік басқару жүйесінде ғана жүзеге асырылды, басқа министрліктер олардың іске асырылуына жауап бермейді.

Ағымдағы жылы АӨК-ті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қолданысы аяқталады, бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді толғандыратын ең қиын сұраққа – мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы және даму векторы қалай қамтамасыз етіледі деген сұраққа жауап әлі алынған жоқ. Үкіметтің осындай маңызды құжатты әзірлеуге деген көзқарасы айқын жүйелік қателердің болуына қарамастан әлі өзгерген жоқ.

2) Бағдарламаны әзірлеу кезеңінде басқа салалармен және мемлекеттік органдармен сабақтас мәселелер олармен егжей-тегжейлі пысықталмайды және құжатты келісу бойынша уақыт тығыз болуына байланысты олар бағдарламаға қысқарған әрі оңтайланған түрде енгізіледі не болмаса мүлдем түсіп қалады, нәтижесінде тек қағазда қалады.

3) Бағдарламаны іске асырудың барлық уақытында ол мемлекеттік саясаттың тұрақтылығына ешқандай кепілдік бермейді, саланың қазіргі және әсіресе жаңа қатысушылары үшін инвестициялық тартымдылық тудырмайды. Бағдарламаны қаржыландырудың көзделген бюджеттік сомалары ұстанылмайды, бағдарламаларды толық қаржыландырмау келісілген көлемдердің 50%-ына дейін жеткен. Бұл ретте мемлекеттік қолдау бағытының іс жүзінде ауысуы экспорттың немесе еңбек өнімділігінің типі бойынша жалпы сөздермен және түпкілікті индикаторлармен жазылған мемлекеттік бағдарламада емес, субсидиялау қағидаларында жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген қағидаларға ҚР АШМ тікелей, жан-жақты талқылауларсыз және келісулерсіз, реттеушілік әсерді талдаусыз және экономикалық әсерді есептеусіз тұрақты түрде өзгерістер енгізе алады, көбінесе түбегейлі өзгерістер министрлік басшысының кезекті ауысуымен болады. Бұл кредит беру талаптарына да қатысты.

4) Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу бойынша ағымдағы жұмыс жабық режимде жүргізілуде, ҚР АШМ ұсынған тұжырымдаманың таныстырылымы ешқандай сын көтермейді. Үлкен тәжірибе жинақтаған салалық одақтар мен қауымдастықтар жұмысқа мүлдем тартылмаған. Шын мәнінде, ҚР АШМ бизнеске арналған бағдарламаны бизнестің қатысуынсыз әзірлейді. АӨК-ті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс Мемлекет басшысының жеке бақылауында екенін, оған экспорттық түсімді ұлғайту жағынан да, жаңа жұмыс орындарын құру тұрғысынан да үлкен үміт артылып отырғанын ескере отырып, мыналарды ұсынамыз:



1) Бағдарламаны әзірлеуге мүдделі тараптардың барынша кең тобын – бизнес, салалық одақтар мен қауымдастықтар өкілдері, сондай-ақ міндетті түрде барлық министрлік, даму институттары мен экономикалық бейіндегі зерттеу институттары тартылсын. Жұмыс Премьер-Министр Кеңсесінің жобалық офисінің алаңында Сіздің басшылығыңызбен немесе Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) алаңында жүргізілсін.

2) Мемлекеттік қолдаудың тұрақтылығына, қаржыландыру көлеміне АӨК-ті дамытудың ұлттық жобасын іске асыру туралы заңды әзірлеу және қабылдау есебінен кепілдік берілсін, саланың жұмыс істеп тұрған қатысушыларының жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға тыйым салынсын.

Аралас бағдарламалар, мысалы, «Ауыл – Ел бесігі», аталған АӨК-ті дамытудың ұлттық жобасына енгізілсін, онда барлық бөлім: жер қатынастары және жерге қолжетімділік; білім беру; ауылдық аумақтарды дамыту; және тағы басқа бөлімдерді көрсету міндеттелсін. Оған негіз ретінде «Ауыл» партиясымен бірлесіп дөңгелек үстелде таныстырылған АӨК Қауымдастықтары Альянсы әзірлеген, 6 негізгі блоктан тұратын құжатты пайдалануға болады.

I. «Ауыл шаруашылығы барлығы үшін» қағидаты бойынша ресурстарға қол жеткізуді оңайлату.

1) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге қол жеткізуді жеңілдету;

2) Су ресурстарын тиімді пайдалану;

3) Адами капиталды дамыту;

4) Қаржыландыруға қол жеткізуді жеңілдету;

5) Өндірістің негізгі құралдарына қол жеткізуді жеңілдету;

6) Өндірістің қосалқы құралдарына қол жеткізуді жеңілдету.

II. Бизнестің кепілдендірілген табыстылығын қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару. «Ауыл шаруашылығында пайда жоқ, тек тәуекелдер» деген стереотипті бұзу.

1) өнімді субсидиялаудан АӨК субъектілерінің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуге көшу;

2) төтенше оқиға (құрғақшылық, су тасқыны, аурулардың өршуі) жағдайларына тәуекелдерден сақтандыру;

3) ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік;

4) баға күрт төмендеген жағдайда өнімді кепілдік беріп сатып алу;

5) қайта өңдеуді дамыту;

6) даму.

III. Нарықтарды дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Импортты реттеу және экспортты ынталандыру. Халықтың осал топтарын азық-түлікпен қамтамасыз ету

1) тамақ өнімдерінің импортын реттеу;

2) экспортты ынталандыру;

3) халықтың осал топтарын қорғау;

4) ішкі нарық және сауда.

IV. Ауылдық аумақтарды дамыту. Қала мен ауылды дамытудағы теңгерімсіздікті жою.

1) қалалар мен ауылдар тұрғындарына бюджет шығыстарын нормалау;

2) бизнесті ауылдық аумақтарды дамытуға ынталандыру;

3) барлық жер учаскесі иелерінің жолға, базалық инфрақұрылымға және өркениет игіліктеріне 25 шақырымнан аспайтын қашықтықта қол жеткізуін қамтамасыз ету қағидаты бойынша ауылдық аумақтарды жоспарлау.

V. Фискалдық саясат

1) Барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін бірыңғай аграрлық салық түрінде жерді тиімді пайдалануды ынталандыратын бірыңғай салық алаңын құру.

VI. Doing business. (Бизнесті жүргізу)

1) АӨК-те өз бизнесін бастау үшін уақытты қысқарту және шекті төмендету. Үлгілік жобалар бойынша дайын шағын фермалардың лизинг бағдарламасы;

2) мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы;

3) мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалау;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымдарды (ӨРҰ) дамыту;

5) процестерді және есепке алуды цифрландыру.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, АӨК-ті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жобасына қосар ұсыныстарымызды қолдауды сұраймыз.

# ШЕТЕЛДІК МҰНАЙ ИНВЕСТОРЛАРЫ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҮЛЕС ҚОСУЫ КЕРЕК

**«Ақ жол» депутаттары шетелдік мұнай инвесторларынан Қазақстан экономикасына қосатын үлестерін көп созбай іске асыруын талап етеді. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында фракция депутаты Серік Ерубаев тиісті депутаттық сауалында мәлім етті.**

## ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІНЕ

30 қарашада Үкімет, мұнай-газ саласындағы жергілікті қамту үлесін арттыруға арналған маңызды бастаманың бірі – Халықаралық мұнай-газ машина жасау және дамыту бойынша орталығын құру бойынша шетелдік инвесторларымен Меморандумға қол қойды. Бұл орталық сервистік компанияларға жергілікті өндірушілерге 3 ірі оператордың (NCOC, КПО және ТШО) қажеттіліктері үшін тауарларды өндіруде және қызметтерді жеткізуде жергілікті компаниялардың қатысуына мүмкіндік береді. Екіншісі, ол «Шеврон» компаниясымен жергілікті қамтуды дамыту үшін тікелей инвестициялық қорын құру.

Министр «Шеврон» компаниясы өзінің Қазақстан Республикасы алдындағы қайта инвестициялау міндеттемелері шеңберінде 248,5 миллион доллар бөлуді жоспарлап отырғанын, сондай ақ, қаржы үш бағыт бойынша салынатынын айтты:

1. Технологиялар және IT технологиялар;

2. Негізгі тауарларды өндіру және мұнай-газ секторына арналған жабдықтардың жекелеген түрлерін құрастыру;

3. Қоршаған ортаны қорғау;

10 жыл ішінде Қордың Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімге (оң әсері 642 миллион долларды (немесе шамамен 270 миллиард теңгені) құрайды және импортталатын тауарлар мен қызметтердің белгілі бір бөлігі ел ішінде өндіріледі деп болжануда, бұл, импорттың 86 миллион долларға немесе 36 миллиард теңгеге төмендеуіне әкеледі деп мәлімдеді деді сала басшысы. Әрине, бұл ақпарат барша қазақстандық кәсіпкерлер үшін үлкен қуаныш болды.

Табиғи байлығымызды пайдаланатын шетелдік инвесторлар, тек салықты ғана төлемей, соған қоса, жергілікті компанияларға тиісті технологияларды, қолданылатын техниканың саймандарын қамтуға, шетелден сатып алынатын тауарларды бірлескен кәсіпорын құра отырып жергілікті жерде шығаруға мүмкіндік тудыру – «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы талаптарының бірі болып табылады. Алайда, жоғарыда аталған жергілікті қамту үлесін арттыруға мүмкіндік беретін екі бастаманың айлар бойы қағаз жүзінде қалып, дер кезінде жүзеге аспай отырғаны «Ақ жол» фракциясы депутаттарының наразылығын тудырды. Өйткені, бұл тапсырманың маңызы қарапайым ынталандырумен байланысты болып отыр: ол, отандық компаниялардың жағдайын жақсарту, аймақта жаңа жұмыс орындарын ашу және салықтық түсімдерді арттыру.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясының депутаттары келесі сұрақтарға жауап беруді сұрайды:

1. Халықаралық мұнай-газ дамыту бойынша машина жасау Орталығының нақты ашылу кезеңдерімен даму мерзімдері туралы және бүгінгі күнге дейін осы Орталыққа қай шетелдік инвесторлар қанша қаражат құйғаны бойынша ақпарат беруіңізді сұраймыз.

2. Жергілікті қамтуды дамыту үшін тікелей инвестиция қорының қаражаты қайда және қалай жұмсалатыны туралы ақпарат ұсынуды сұраймыз.

3. Қордың Басқарушы компаниясын іздестіру мен инвестициялық саясаты бойынша қандай жұмыстар атқарылуда? Жобаларды іріктеу қалай ұйымдастырылмақ?

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

**Президент принял участие в первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости РК.**
**Открывая заседание Госкомиссии, Касым-Жомарт Токаев отметил, что Казахстан под руководством Елбасы за годы Независимости преодолел все трудности и стал сильным государством. Сегодня Казахстан вступает в четвертое десятилетие своего суверенитета – важнейшего периода для нашей страны. Глава государства подчеркнул, что во время празднования этой знаменательной исторической даты нельзя допускать суеты и расточительства, каждое мероприятие должно быть связано с конкретными шагами, которые принесут пользу стране. Планируется реализация новых проектов в экономике, социальной сфере, образовании и науке.**



# 30-ЛЕТИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ
## НЕОБХОДИМО ОТМЕТИТЬ В КОНТЕКСТЕ НАЧАВШИХСЯ РЕФОРМ

– При проведении масштабных мероприятий, охватывающих всю страну, необходимо иметь точное видение и четкие подходы. Следует особо учесть, что все регионы будут работать в тесной связи с центром, будут ориентироваться на вас. 30-летие Независимости – это не просто очередная дата. Мы должны подойти к этому историческому событию с идеологической точки зрения, – сказал Президент.

Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что в нынешнее время сознание людей сильно изменилось, а весь мир сегодня переживает сложный период. Проведение юбилея – это не повод тратить средства на грандиозные торжества, проводить бесполезные форумы и конференции. Особое внимание надо уделить благосостоянию людей, так как без улучшений в данной сфере нельзя говорить о достижениях страны. При этом госаппарат должен оправдать возложенные на него ожидания и доверие общества.

– По моему поручению Правительством разрабатывается проект Социального кодекса. Кодекс должен полностью удовлетворять запросы граждан, особенно тех, кто нуждается в помощи. Это соответствует нашей идее построения справедливого государства и открытого общества. Министры и акимы должны твердо придерживаться принципа «Слышащего государства». Необходимо оперативно реагировать на обращения граждан. Самое главное, чтобы каждый наш соотечественник мог ощутить достижения Независимости в своей повседневной жизни, тогда так мы сможешь достичь поставленных целей, – отметил Глава государства.

Президент подчеркнул, что 30-летие Независимости необходимо отметить в контексте начавшихся реформ. Сегодня реализуется уже третий этап политических реформ, в рамках которого будет принят ряд законов, направленных на демократизацию общества. В ближайшие 10 лет мы должны сформировать новый облик страны и новую идентичность нации. Если мы сможем успешно осуществить экономическую, политическую и социальную модернизацию, то это будет самым большим подарком для страны.

– Реализуемая нами сегодня системная модернизация страны направлена на последовательное раскрытие потенциала людей в обществе, экономике, культуре. На это также нацелены последние изменения в сферах государственного планирования и управления. Мы будем поэтапно устранять все существующие дисбалансы и барьеры на региональном уровне, поскольку для построения сильного независимого Казахстана нам нужны конкурентоспособные регионы и устойчивое развитие каждого города и села, – полагает Президент.

Глава государства заявил о намерении значительно укрепить позиции предпринимательского класса через приватизацию госактивов на 5 трлн тенге до 2025 г. Будет возобновлена программа «Народное IPO», чтобы казахстанцы получили возможность обрести часть национального богатства и внести свой вклад в развитие флагманов отечественной экономики. Один из базовых компонентов политики – повышение качества человеческого капитала.

Президент поставил задачу во время юбилея проводить в первую очередь мероприятия, ориентированные на подрастающее поколение. Отметив высокую гражданскую активность молодежи и ее энтузиазм, Глава государства подчеркнул, что нельзя препятствовать этой активности и следует мобилизовать ее на новые цели и задачи.

– Важный вопрос, касающийся молодежи – это занятость. Это особенно актуально в регионах. Мы должны дать стимулы и ориентиры, помочь безработной молодежи найти постоянную работу. Сейчас существует несколько программ по обеспечению занятости. Но большинство молодых людей не знают об этих мерах. Они не осведомлены о различных видах поддержки со стороны государства. И эта проблема не решается лишь одной пропагандой. Правительству и акимам необходимо уделить особое внимание трудоустройству молодежи, – сказал Президент.

В настоящее время вносятся необходимые поправки в законы, касающиеся молодежной политики. В число показателей оценки местных госорганов вошел «Индекс развития молодежи». Это повысит эффективность мер в данном направлении. Президент отметил, что необходимо разработать единый нацпроект по молодежной политике «Тәуелсіздік ұрпақтары». Это позволит объединить в одно целое реализуемые разрозненно проекты. К подготовке нацпроекта и его обсуждению необходимо привлечь все молодежные и студенческие организации, гражданских активистов и независимых экспертов.

– Казахстан – страна талантливой молодежи. Завтра эти талантливые юноши и девушки будут представлять честь нашей страны. Мы должны сделать все возможное, чтобы раскрыть их потенциал и реализовать их способности, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Президент акцентировал внимание на роли талантливой молодежи в создании креативной индустрии, являющейся одним из самых быстрорастущих сегментов мировой экономики. Объем этой отрасли в ряде развитых государств достигает 10 % ВВП. В этой связи Правительству поручено проработать перспективы комплексного развития инфраструктуры поддержки этой стратегически важной сферы. Одним из ее системообразующих элементов может стать Национальный образовательный хаб в области науки, культуры и современного творчества. Эта своеобразная «Фабрика талантов» предоставит молодым одаренным людям со всех регионов страны шанс пройти спецкурсы и мастер-классы у лучших профессионалов в своей отрасли.

– Нам важно также акцентировать внимание на вовлечение юных талантов в процессы развития страны. Каждый из них должен ощутить свою сопричастность к успехам Родины, почувствовать гордость за ее достижения, – подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

Для этого важно также последовательно развивать в нашем обществе традиции меценатства и благотворительности.

Глава государства затронул возможности такой популярной в мире формы коллективного сотрудничества, как краудфандинг. Это одна из самых перспективных форм гражданского участия в решении многих актуальных проблем общества. Поэтому в выступлении было предложено рассмотреть возможность создания на базе технопарка Astana Hub единой краудфандинговой платформы.

Все эти меры будут содействовать формированию культуры взаимопомощи и прямого участия молодежи в продвижении страны на пути к прогрессу. Касым-Жомарт Токаев выразил уверенность, что поколение Независимости сделает Казахстан одним из самых конкурентоспособных государств в мире.

Глава государства подчеркнул, что мероприятия к 30-летию Независимости должны дать духовный импульс для всего народа. При этом работа в сфере духовности должна включать несколько направлений, одним из важнейших среди них станет популяризация наследия выдающихся личностей, оставивших неизгладимый след в истории нации.

– На этот юбилейный год приходится несколько знаменательных дат: 175-летие Жамбыла Жабаева, 155-летие Алихана Букейханова, 150-летие Хаджимукана, юбилеи других исторических личностей. В прошлом году мы очень содержательно провели юбилеи Абая и Аль-Фараби. Их личностный облик и жизненный путь, их труды оказали большое влияние на наше мировоззрение. Этот опыт следует и впредь использовать, – отметил президент.

Также в этом году исполняется 30 лет со дня закрытия Семипалатинского полигона. Глава государства подчеркнул, что запрет на проведение ядерных испытаний продемонстрировал нашу готовность отвечать за собственную судьбу, а наша страна стала лидером мирового антиядерного движения. Президент заявил о необходимости безотлагательно начать подготовку новой академической истории Казахстана. Это позволит твердо закрепить в сознании народа, что наша государственность имеет глубокие корни.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что уважение к государственным символам является проявлением патриотизма, в связи с чем было поручено пересмотреть правила использования символики. Нельзя запрещать вывешивать флаг на фасадах домов и на других значимых объектах.

Глава государства подчеркнул, что знание казахского языка является важнейшим шагом на пути к формированию единой нации, и вновь призвал поддержать всех соотечественников, стремящихся к изучению языка.

– Пусть каждый гражданин, знающий государственный язык, делится своими знаниями с друзьями, коллегами, знакомыми, желающими изучать казахский язык. Это благородное начинание, безусловно, продемонстрирует наше взаимоуважение и укрепит единство, – считает Президент.

Касым-Жомарт Токаев добавил, что переход казахского языка на латинскую графику стал одним из плодов Независимости.

Глава государства выразил обеспокоенность состоянием природных достопримечательностей нашей страны и предложил реализовать проект «Таза табиғат». Экологические инициативы должны осуществляться ежегодно, став частью нашего образа жизни.

– С приходом весны, которую олицетворяет Наурыз, наши предки испокон веков начинали расчищать родники, сажать деревья. Нужно продолжать эту прекрасную традицию, более активно заняться охраной природы, облагораживанием окружающей среды. Такие мероприятия необходимо организовать во всех регионах. Это один из самых эффективных способов экологического воспитания подрастающего поколения, – сказал Президент.

По его мнению, следует эффективно организовать информационную работу, разъяснить населению суть юбилея. Концепция праздника Независимости называется «Годы, полные созидания». Поэтому необходимо широко популяризировать идею созидания.

В рамках празднования, по мнению Касым-Жомарта Токаева, необходимо особо отметить историческую роль основателя независимого Казахстана, Первого Президента Нурсултана Назарбаева. Преемственность политики Елбасы должна стать идеологическим стержнем всех мероприятий.

– При праздновании Независимости необходимо широко внедрять новый стиль, привлекательный для людей формат распространения просветительской, воспитательной информации. Сухие отчеты о проведенных мероприятиях не нужны. Если нет пользы, то грош цена тысячам хвалебным статьям, – сказал Глава государства.

В заключение Президент поручил Правительству совместно с республиканским штабом внести данные предложения в План юбилейных мероприятий и Идеологическую карту. Вместе с тем он напомнил, что будет оказаны соответствующие почести гражданам, внесшим вклад в укрепление государственности, развитие страны, а в канун праздника будет выпущена юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының 30 жылдығы».

– Независимость – наша главная ценность, она превыше всего! Наша задача – оставить в наследие будущим поколениям процветающий и сильный Казахстан, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

В ходе заседания также выступили Государственный секретарь Крымбек Кушербаев, первый заместитель Руководителя Администрации Президента Даурен Абаев, заместитель Премьер-министра Ералы Тугжанов, заместитель Премьер-министра – министр иностранных дел Мухтар Тлеуберди, министр информации и общественного развития Аида Балаева.

*Akorda.kz*

# КОГДА ОТКРОЕТСЯ ТАЙНА СМЕРТИ Ч.ВАЛИХАНОВА?



**Последние месяцы жизни Чокана Валиханова покрыты тайной. Если вы прочитаете развернутую биографию ученого, то сразу обратите внимание на одну особенность: о последнем годе его жизни сведения очень скудны, можно сказать, намеренно закрыты доступы к информации, особенно о последних днях. Кто был рядом в последние дни жизни Валиханова, если он болел, то чем и как болел, есть ли данные местных эскулапов или свидетельства близких о его болезни, как похоронили, кто был на похоронах, куда исчезли записи, документы ученого и т.д.?**

### ЧОКАН ПОГИБ ОТ ЧЬИХ-ТО РУК

Даже биографии Валиханова разных авторов грешат принципиальными противоречиями, нестыковками существенных деталей, которые могли бы пролить свет на причину его смерти.

Например, такой пример. В 1983 году в издательстве «Молодая гвардия» в серии «Жизнь замечательных людей» выпустила книгу «Валиханов» московской исследовательницы биографии ученого Ирины Стрелковой. Некоторые авторы приводят ее слова: «Существует версия, что Валиханов умер не от туберкулеза, его убили. Все возможно». Я прочитал второе издание этой книги 1990 года выпуска, но таких строк не нашел. Возможно, эти слова убраны в указанном издании или они прозвучали в другой работе, статье Стрелковой.

В любом случае, такой вывод напрашивается из скудных материалов о последних месяцах жизни ученого. По этой причине приходится читать «между строк» известные источники. Например, о туберкулезе, которым будто бы болел Валиханов, заговорили после его смерти! В свидетельствах, письмах, документах говорилось о простудах, недомоганиях, болезнях Чокана, но о чахотке – ни слова. Тем не менее, туберкулез является основной причиной смерти ученого в его официальной биографии. Это, несмотря на то, что казахи раньше, в том числе и в XIX веке, не знали туберкулеза благодаря активному потреблению кумыса. Это медицинский факт. А Чокан пил кумыс.

«Не менее спорными до сих пор остаются обстоятельства смерти Чокана. Официальная версия о том, что он умер от туберкулеза, еще современниками была встречена с недоверием. Вот что, к примеру, писал видный ученый А. Гейнс: «Администрация Сибири обиделась, что без посредства ее Чокана представили в Петербурге государю, и он обласкал его. Начался ряд оскорблений и придирок, уложивших Чокана в настоящем году в гроб» (Кадыржан Абуев).

«Знаменитый путешественник и исследователь Центральной Азии П.П.Семенов-Тян-Шанский, оценивая выдающегося современника на общем собрании Русского географического общества провозгласил: «В глубине киргизских степей, на границе России с Китаем, погиб еще в рассвете лет даровитый киргизский султан Чокан Валиханов. Смерть унесла одного из самых просвещенных людей их национальных окраин. Ему было всего 30 лет от рождения». Великий ученый не случайно употребил термин «погиб» и во всеуслышание подтвердил, что Чокан «погиб от чьих-то рук». Иначе он бы указал просто «умер» и отметил причину смерти – «чахотка». Даже в официальном траурном сообщении П.П.Семенов-Тянь-Шанский не побоялся проигнорировать требование спецслужб сделать акцент на болезнь туберкулезом Валиханова, заявил, что ученик и близкий друг «погиб» и в «30 лет» (Андрей Березин. Чокан: одной загадки меньше).



И А. Гейнс, и П.П.Семенов-Тянь-Шанский не были кабинетными учеными: они много ездили по казахской Степи и встречались со многими очевидцами событий вокруг Валиханова. Например, А. Гейнс посетил аул в урочище Кочен-Тоган у подножья Алтын-Эмельского хребта, где скончался Чокан, видел его вдову.

### МНИМЫЕ БОЛЕЗНИ РАЗВЕДЧИКА

«Подогнанная» официальная версия смерти Валиханова была «спущена» с военных ведомств российской империи, а не составлена учеными. Из этого факта вытекает однозначный вывод: значит, были причины для составления такой версии без фактического материала и распространения по своим каналам «информации» задним числом о том, что Чокан с пребывания в Петербурге болел туберкулезом. И впоследствии «туберкулезная» деталь во время работы султана в северной столице стала входить в его биографию разных авторов.

Эта версия настойчиво внедрялась, несмотря на личные заверения ученого в обратном, например, в письме отцу: «За время пребывания в Петербурге я стал чувствовать себя лучше прежнего. Видимо, его климат мне не так уж вреден».

Есть версия, что спецслужбы царской России заранее отработали легенду об неизлечимой болезни Чокана. Его научные труды, тайная поездка в Кашгарию выявили в нем не только выдающегося ученого, но и потенциально независимого политика или общественного деятеля, чьи взгляды не совпадали с политикой царской России. Высокопоставленные чиновники Азиатского департамента, где Валиханов работал, были настроены к Чокану враждебно за его проницательные и независимые суждения. И недаром уже в Петербурге к нему приставили соглядатая – денщика Сейфулмулюкова. Что денщик шпионил за ним, был уверен сам Чокан.

Например, исследователь наследия Валиханова профессиональный разведчик, полковник запаса КНБ РК Болат Кыстаубаев, автор книги «Тайна Чокана Валиханова», считает, что Чокан Валиханов был убит по распоряжению российских спецслужб, ибо слишком уж отличался инакомыслием. Не случайно он пишет, что «высокопоставленные чиновники Азиатского департамента и Губернаторства были настроены по отношению к Чокану далеко не дружелюбно, если не сказать – враждебно». Он был поистине «чужим среди своих».

К тому же Валиханов «болел», чтобы делать свои дела. И.Стрелкова отмечает, что после разведки в Кашгарию Чокан «заболел», чтобы досконально завершить научные труды о путешествии и затянуть время перед поездкой в Петербург, куда настойчиво приглашали для отчета. Так же казахский ученый «болел» в Петербурге для тайной поездки в Париж, куда он вроде съездил по косвенным данным. Недаром в «Колоколе» Герцена впоследствии появились анонимные статьи о Казахстане, явно написанные Валихановым.

Даже для того, чтобы «выдавить» султана из Петербурга, недруги отчасти использовали его некие болезни как причину, при этом не забыв «для сопровождения» соглядатая – денщика Сейфулмулюкова. Если штаб-ротмистр Валиханов был серьезно болен, тем более заразным туберкулезом, то он наверняка вышел бы в отставку и лечился, а не продолжил службу и активную научную работу.

### ССЫЛКА ЧОКАНА С ОТРАВЛЕНИЕМ?

Но даже официальная версия смерти ученого не дает ответа на ряд простых вопросов. Если Чокан был болен туберкулезом, притом в открытой форме, то как он попал в армию полковника Черняева в июне 1864 года? Конечно, больной военный не мог попасть: его смерть наступила 10 апреля 1865 года – если от туберкулеза, то до военного похода он должен лежать в постели и лечиться. Как известно, смерть от туберкулеза при открытой форме происходит по истечении 3-4 лет.



С какой целью к нему в далеком ауле в урочище Кочен-Тоган приставили двух слуг?

Как смертельно больной Чокан там женился на двоюродной сестре султана Тезека?

Все данные скрыты тайной завеса, но эти скупые, отрывочные свидетельства говорят о своеобразной ссылке Валиханова на окраину империи с последующим отравлением. В одном письме Чокан писал, что так сильно разболелось горло, что не может глотать пищу. В письме к отцу (если не подделка): «Устал, нет никакой силы, весь высох, остались одни кости, скоро не увижу света. Это будет мое последнее письмо. Прощайте, обнимаю всех». Разве не похоже на отравление?



Даже на такой вопрос, как попал Валиханов в горы Алтын-Эмеля, нет исчерпывающего ответа. Будто бы сам султан уехал туда после ссоры с Черняевым; туда его послало военное ведомство следить за событиями в неспокойном приграничном районе Китая; по поручению начальника Алатауского округа генерал-майора Г.Колпаковского и т.д. А генерал-майор имел прямое отношение если не к смерти султана, то к его пребыванию в отдаленном районе: у него оказались отчеты ученого, которые Колпаковский представил как ...частные письма.

Некоторые авторы указывают: именно генерал-майор послал Валиханова на место последнего проживания. Недаром у него просил деньги Чокан из своей ссылки – он не получал там жалования. При этом к нему приставили слугу или двух слуг – чем они занимались, если это частная поездка? Если ученый не поехал по поручению властей, то почему он не вернулся к родителям лечиться – его насильно держали в ссылке?

У многих разведчиков, которые в конце своей деятельности имели проблемы с властью, жизнь короткая. А они – большие проблемы с царской властью – у Чокана были. После такого взлета как ученого, военного, путешественника, разведчика – безвестный конец. Возможно и то, что с подачи полковника Черняева спецслужбы могли взять Чокана в активную разработку с целью получения через агентуру (домашний арест под наблюдением денщика, находящегося на довольствии у правительства) сведений о его неблагонадежности с последующим физическим устранением.

Если мы не можем докопаться до истинной причины смерти наших гениев, отстоять их честь, то как мы можем состояться в качестве нации, суверенной страны? И какова цена «великой дружбы» России и Казахстана, если в ней исчезают великие сыны Степи?

А ответы на простые вопросы есть: ряд материалов, связанных с исследованиями Валиханова, хранится в фондах Российского военно-исторического архива, которые в свое время были закрытыми. Если современная Россия откроет архивы военных ведомств, то покажет свой «уход» от политики царской и советской России.

По какой причине тогда Россия не способствует раскрытию тайны смерти Чокана? Даже врагам отдают дань уважения – со временем возвращают им имя, захваченные документы, вещи и т.д.

**Дастан ЕЛДЕС**

# Выдающиеся женщины, прославившие Казахстан

**В честь празднования Международного женского дня Tengrinews.kz представляет подборку самых знаменитых женщин Казахстана, которые прославились не только на родине, но и в мире.**



### МАНШУК МАМЕТОВА

Маншук Маметова – участница Великой Отечественной войны, служила в Красной армии пулеметчицей. Ей было посмертно присвоено звание Героя Советского союза. Родилась Маметова 23 октября 1922 г. в ауле Жаскус в Уральской области.

Попав на фронт, Маметова хотела устроиться писарем в штаб, позднее ее перевели в полевой госпиталь работать медсестрой. До прихода на фронт она самостоятельно изучала конструкцию пулемета «Максим» и умела стрелять, потому ей удалось перевестись в стрелковую часть. Кроме того, она окончила курсы пулеметчиков и была назначена первым номером пулеметного расчета в строевую часть 21-й гвардейской стрелковой дивизии третьей ударной армии Калининского фронта.

Осенью 1943 г. она участвовала в битвах за освобождение города Невель в Калининской (ныне Псковской) области. В бою 15 октября из пулеметного расчета она осталась одна, но, будучи тяжело раненной осколком в голову, продолжала вести огонь по врагу. Перед смертью она уничтожила более 70 фашистов. Старшего сержанта Маншук Маметову похоронили в Невеле. В честь отважной девушки в Невеле был воздвигнут памятник и названа улица.

### АЛИЯ МОЛДАГУЛОВА

Алия Молдагулова – Герой Советского Союза, участница Великой Отечественной войны, снайпер.

Молдагулова родилась 25 октября 1925 г. в ауле Булак Актюбинской области. Родители девочки рано умерли, с 8 лет ее воспитывал дядя Аубакир.

В начале Великой Отечественной войны Алия находилась в Ленинграде, в сентябре 1941 г. началась его блокада. После эвакуации девушка подала заявление с просьбой отправить ее на фронт.

В мае 1943 г. Молдагулова прошла курсы снайперской стрельбы. За время воинской службы девушка уничтожила 78 солдат и офицеров противника. В январе 1944 г. в бою у города Новосокольники в Калининской (Тверской) области Алию Молдагулову смертельно ранили. 14 января девушка скончалась, ее похоронили в деревне Монаково (Россия). 4 июня 1944 г. ей было присвоено звание Героя Советского Союза посмертно. Также она была награждена орденом Ленина.

В память о героине в Алматы, Астане, Актобе, Шымкенте и Москве были установлены памятники. Улица Молдагуловой имеется в Алматы, Астане, Актобе, Москве и Санкт-Петербурге. На месте ее гибели в деревне Новосокольники был построен мемориальный комплекс.

### КУЛЯШ БАЙСЕИТОВА

Куляш Байсеитова – казахская оперная певица (сопрано), актриса театра. Ей присуждены две Сталинские премии, а также звание Народной артистки СССР.

Куляш Жасыновна Байсеитова родилась в 1912 г. в городе Верном (Алматы). Ее настоящее имя – Гульбахрам, фамилия до замужества – Бейсова. По другим данным, она родилась в одном из аулов Каркаралинского уезда Семипалатинской (ныне в Карагандинской) области. В Верном она якобы жила с 12 лет, будучи воспитанницей интерната.

Талант Байсеитовой проявился еще в детстве. Она заучивала и пела песни, услышанные от отца. В 1930 г. Куляш начала изучать актерское мастерство и музыкальную грамоту в Казахском театре драмы, который сейчас известен как Казахский государственный академический театр драмы имени Мухтара Ауэзова.

Также артистка играла в эпизодических, а затем главных ролях в театре. Среди работ Байсеитовой были образы Агафьи Тихоновны в «Женитьбе» Николая Гоголя, Енлик в «Енлик-Кебек» Мухтара Ауэзова, Пулиш во «Фронте» Беимбета Майлина и др.

В 1933 г. актрису включили в труппу Музыкального театра (Государственный академический театр оперы и балета имени Абая). В 1936 г. она стала Народной артисткой СССР, она также была награждена орденом Трудового Красного знамени.

Она была знаменита и как концертная исполнительница. В ее репертуаре были народные песни на разных языках и произведения европейских композиторов.

В период Великой Отечественной войны Байсеитова выступала на фронте, за что получила медаль «За доблестный труд в Великой Отечественной войне». В послевоенные годы она избиралась депутатом Верховного Совета КазСССР первого-третьего созывов, в 1949 г. ее включили в состав Советского комитета защиты мира. Она также принимала участие в работе II Всемирного Конгресса сторонников мира.

В июне 1957 г. Куляш Байсеитова была на концерте в Москве, после которого жаловалась на головные боли. Позднее она скончалась от кровоизлияния в мозг в своем гостиничном номере.

В память о певице была учреждена Госпремия КазССР. Ежегодно в Казахстане проводится конкурс вокалистов имени Куляш Байсеитовой. В честь нее были названы музыкальная школа в Алматы, с 1948 г. выпустившая многих известных деятелей культуры республики, и Национальный театр оперы и балета в Астане. В 2011 г. в сквере музыкальной школы был установлен бронзовый памятник в честь столетия выдающейся исполнительницы. Ее именем названы улицы в Алматы и Астане.

### БИБИГУЛЬ ТУЛЕГЕНОВА

Бибигуль Тулегенова родилась 16 декабря 1929 г. в Семипалатинске. Выросла в семье, где часто звучала музыка – отец любил играть на скрипке, мама хорошо пела. В 1946 г., учась в 7 классе вечерней школы, пошла работать на мясокомбинат, где могла петь в кружке художественной самодеятельности. На юную певицу обратила внимание писательница Галина Серебрякова, которая находилась в Семипалатинске в ссылке. Она взяла над Тулегеновой опеку, дала ей первые уроки музыки. По настоянию Серебряковой Бибигуль поступила на вокально-хоровой факультет Казахской консерватории в Алма-Ате, которую окончила в 1954 г.

Во время учебы в 1951 г. работала солисткой на Казахском радио, где исполняла популярные народные и эстрадные песни. С 1954 г. – солистка Государственного академического театра оперы и балета имени Абая в Алма-Ате. С 1956 г. – солистка труппы Казахского государственного академического оркестра народных инструментов имени Курмангазы Казахской филармонии. Вместе с труппой оркестра гастролировала по всему СССР. В 1958 г. стала лауреатом Всесоюзного конкурса артистов эстрады.

Посещала с гастролями Китай, Польшу, ГДР, Вьетнам, Индию, Алжир, Египет, Сирию, Чехословакию, Канаду, Швецию, Францию, Италию.

В настоящий момент Бибигуль Тулегенова – единственная женщина среди ныне живущих казахстанцев, удостоенных звания Народный артист СССР. К тому же она в истории СССР последнее лицо, удостоенное звания Героя Социалистического Труда (по официально опубликованным указам).

### АЙМАН МУСАХОДЖАЕВА

Советская и казахстанская скрипачка, народная артистка Казахстана и ректор Казахского национального университета искусств Айман Мусаходжаева родилась 15 марта 1958 г.

С 7 лет она начала выступать в концертах, а в 13 впервые с оркестром исполнила «Интродукцию и Рондо каприччиозо» Сен-Санса. В 1975 г. Мусахаджаева закончила Республиканскую специальную музыкальную школу имени Куляш Байсеитовой в Алма-Ате, в 1983 г. окончила Московскую государственную консерваторию.

За высокие достижения в музыкальном искусстве Айман Мусаходжаевой присвоено звание Народной артистки РК, Академика Международной Академии творчества, почетное звание ЮНЕСКО «Артист за мир». В 2000 г. удостоена Госпремии в области литературы, искусства и архитектуры. В 2002 г. имя Айман Мусахаджаевой внесено во Всемирный Почетный список IBC «2000 выдающихся музыкантов XX века», ежегодно публикуемый Международным Биографическим центром Кембриджского университета. Центр наградил Айман Мусахаджаеву медалью за достигнутые успехи и вклад в развитие мировой музыкальной культуры.

### РОЗА РЫМБАЕВА

Роза Рымбаева – советская и казахстанская певица эстрады, Народная артистка КазССР, лауреат Госпремии РК, заслуженная артистка Кыргызстана и Узбекистана. Певица была первой казахстанской артисткой, представившей СССР на международных конкурсах. Сильный голос Розы Рымбаевой (лирическое сопрано) охватывает ровно 4 октавы. Ее нередко называют «Золотым голосом Казахстана».

Роза Рымбаева родилась 28 октября 1957 г. на станции Жангизтобе в Семипалатинской области в семье железнодорожника. Окончив школу-интернат, поступила на факультет музыкально-драматической комедии Театрально-художественного института в Алматы.

В 1976-1979 гг. Рымбаева была солисткой республиканского молодежно-эстрадного ансамбля «Гульдер». В 1977 г. певица завоевала Гран-при на всесоюзном телевизионном конкурсе «С песней по жизни», а также на фестивале «Золотой Орфей» в Болгарии. Ей присудили «Гран-при» и на международном фестивале в Сопоте в Польше. В 1977-1979 гг. Рымбаева выходила в финалы «Песни года», ее также включали в десятку лучших певиц СССР в хит-параде "Звуковая дорожка».

В 1983 г. Роза Рымбаева завоевала «Гран-при» на музыкальном фестивале «Гала-83» в Кубе и снялась в советско-чехословацком фильме «До свидания, Медео» в главной роли. В 2000 г. певица была признана «Человеком года», победив в номинации «Звезда эстрады». Она также была удостоена звания Заслуженного деятеля искусств Кыргызстана и ордена «Парасат», получила премию «Платиновый Тарлан».

В 2005 г. в Москве на Площади звезд эстрады состоялось открытие именной звезды Розы Рымбаевой.

### ОЛЬГА ШИШИГИНА

Ольга Шишигина родилась 23 декабря 1968 г. в Алма-Ате. На Олимпийских играх в Сиднее в 2000 г. завоевала историческое для Казахстана «золото».

В 2013 г. Ольга Шишигина стала депутатом от партии «Нур Отан». На выборах 2016 г. Шишигина вновь прошла в Мажилис.

### МАРИЯ МУДРЯК

Мария Мудряк – оперная дива из Казахстана. Родилась она 6 апреля 1994 г. в Павлодарской области. Карьера певицы началась в 3 года, тогда она впервые вышла на сцену Дворца школьников в родном Павлодаре. С этого момента Мария пошла вверх. В 5 лет записала первый сольный диск и заняла место в Книге рекордов Гиннесса как самая юная певица планеты. Миланская высшая академия музыки при Ла Скала – в 10 лет, стипендия «Болашак» – в 12, консерватория Верди в Милане – в 14, ее окончание – в 18. Сейчас Мария Мудряк выступает с гастролями по всему миру.

*Tengrinews.kz*
*(в сокращении)*

# ЕЛІҢНІҢ ЕРІ БОЛ, АРДА-ШЕР!

## (атаның немереге өсиеті)

**1.АЛЛА-ТААҒАЛАНЫ ТАНУ.**

*«Алланың өзі де рас, сөзі де рас!»*
*Абай*

Бисмиллаһир Рахман ир Рахим!

Арда-Шер балам, сен бұл сөзді жиі естисің. Әдетте біз оны тамаққа қол созғанда ғана қолданамыз. Онымыз негізінен дұрыс емес. Себебі, біз әрбір іс-қимылымыз бен сөзімізді күллі әлемді, соның ішінде өзімізді де Жаратушы әрі оның жалғыз Әміршісі Алла-ТааҒаланың атымен бастауымыз керек. Алла-ТааҒаланың Құранда 99 аты аталған. Рахман мен Рахим солардың бірі. Құран араб тілінде екенін сен білесің. Ол Мұхаммед пайғамбарға(с.ә.с.) 40 жасынан бастап 63 жасына дейін, әртүрлі жағдайларға байланысты 23 жыл бойы періштелер арқылы Алла-ТааҒаладан уахи ретінде түсіп тұрған. Періштелерден естігенін Мұхаммед пайғамбар (с.ә.с.) халыққа жеткізіп тұрған. Пайғамбар (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейін осы уахилерді пайғамбардан қалай естіген болса, сол күйінше, бір әрпін де бұзбай, жаңылыстырмай жаттап алған адамдардың барлығынан жазып алынып, олардың мәтіні қайта-қайта салыстырылып, тексеріліп, сосын барып қағазға түсірілген. Құран кітабы солай пайда болған. Ол кітап Алла-ТааҒаладан жеткен сөз болғандықтан, әлі күнге дейін оның бір де бір әріпі ауыстырылған емес. Құранның басқа қасиетті діни кітаптардан басты айырмашылығы да осында.

Біз Алла-ТааҒаланы кейде «Құдай» деп атаймыз, кейде «Тәңірі» деп атаймыз. Бұл екі атау да Жаратушы дегенді білдіргенімен Құранда жоқ. Себебі, оның біріншісі «Худо» деген парсы сөзі, екіншісі түпкі атамыз сақ сөзі. Біздің ата-бабаларымыз адамзат баласына Мұхаммед пайғамбарға(с.ә.с.) Құран арқылы жіберілген ислам діні келгенге дейін тәңіршілдік дінді ұстанған. Көптеген халықтар, соның ішінде арабтар да исламға дейін пұтқа, яғни қолдан жасалған тас мүсіндерге табынып келсе, біздің бабаларымыз даму дәрежесінің жоғары болуы себебіте исламнан бірнеше мыңдаған жыл бұрын-ақ күллі әлемді Жаратушы бір ғана теңдессіз күш иесінің бар екенін, және оның Жерде емес, Көкте екенін ұғынып, түсіне білген. Оны Тәңір деп атаған.

Арда-Шер балам, сен дін жайлы өскен сайын көбірек біліп, түсіне бастайтын боласың, ал, мен саған әзірге бір-екі нәрсені ғана айтайын. «Ислам» сөзі «сену» дегенді білдіреді. Демек, мұсылман болу дегеніміз бір ғана Жаратушының бар және біреу екеніне, ал, Мұхаммед пайғамбар(с.ә.с.) оның адамзатқа жіберген Елшісі екеніне сену деген сөз. Ол арабша былай айтылады: «Лә Илаһа ил-Аллаһ, Мухаммадин Расул-ил-Аллаһ». Сенім білдіруді «иман» деп атайды. Біздің мұсылман ретіндегі бірінші парызымыз, яғни арабшадан аударғанда міндетіміз – осы сенім білдіру. «Көзбен көрмеген нәрсеге қалай сенуге болады?» деген сұраққа келсек, оған дәлел өте көп. Мысалы, Жердің өз осін айналу жылдамдығы сағатына 1669 км-ге тең. Жер тек өз осінен айналып қана қоймайды, ол сонымен бірге Күнді де айнала ұшады. Жердің Күнді айнала ұшу жылдамдығы секундына 30 км-ге тең. Сағатына емес, секундына! Енді осындай, көзге елестетудің өзі мүмкін емес жылдамдықта ұшып бара жатқан Жердің үстіндегі заттың бәрі ұшып кету керек еді. Ұшпайды. Оны ғалымдар Жердің орасан зор магнит екендігімен, ол магниттің тартылыс күші ғаламат екендігімен түсіндіреді. Бірақ, Жерді 10 км-ге дейін биіктікте ауа қоршап тұр. Басқа планеталарда ол жоқ. Ауаны қалай магнит ұстап тұра алады?

Жарайды, бұл сұрақтарға ғылым жауап береді дейік. Бірақ, ғылым ешқандай жауап бере алмайтын жайт та көп. Мысалы, мұхитта біріне бірі қарама-қарсы ағатын, бірақ солай бола тұра екеуінің арасында көзге көрінбейтін жұп-жұқа қабырға тұрған секілді бірінің суы бірімен қосылмайтын ағыстар бар. Өмір бойы мұхитты зерттеумен өткен француз ғалымы Жак Ив Кусто осы жаңалықты аштым деп жар салғанында оның Құранда жазылып қойғанын естіп, ислам дінін қабылдаған. Дәл сол секілді Құранда бала ана құрсағында алғашқы күннен бастап, 9 ай 10 күн өтіп, туылғанға дейін қалай өсіп-жетілетіндігі егжей-тегжейлі етіп жазылған. Ал, бұл бүгінгі неше түрлі ультрадыбысты техника жетілген заманда ғана мүмкін нәрсе. Сабалақ Оразалинов деген қазақ Ұлы Отан соғысында қолындағы гранаты таусылған соң басын өлімге байлап, неміс пулеметінің аузын кеудесімен жауып құлаған. Шайқастан кейін жаралылар мен қаза тапқандардың денесін жинап жүрген санитарлық ротаның бір солдаты Сабалақтың кірпігі қимылдағанын көріп қалған. Хирургтер оның денесінен 17 оқ алған! Пулеметтің оқтары! Сабалақ тірі қалды. Бірақ, оған Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілмеді...

Бүгінгі күннен бір мысал келтіретін болсам, қазақтан шыққан екінші ғарышкер (космонавт) Талғат Мұсабаев: «Мен ғарышқа бірінші ұшқанымда атеистік (Құдайға сенбеушілік) сезіміме сызат түсті. Екінші ұшқанымда Алла-ТааҒаланың бар екеніне көзім анық жетіп қайтты. Себебі, Ол мені ажалдан аман алып қалды. Мен ашық космосқа шығып, жұмыс істеп жатыр едім, корабльге бекітілген белдігім өз-өзінен ағытылып кетті-дағы, есімді жиямын дегенімше 11 км/сек жылдамдықпен ұшып бара жатқан корабль көз ұшындағы қызыл нүктеге айналды. Скафандрдағы ауа 8 сағатқа ғана жетеді. «Өлген деген осы екен ғой» деген ой ғана келді басыма. Сол кезде арқамнан итерген бір көзге көрінбес күш мені корабльге жеткізді. Белдікті бекітіп алған соң корабльдің ішіне кірдім. Сонда аузымнан шыққан сөз мынау болды (оны қалай айтқанымды өзім де білмеймін!): «Лә Илаһа илла-Аллаһ. Аллаһу акбар!» Менің бұл сөзді өмірімде бірінші рет айтуым!»

КСРО (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы), кейінірек оның мұрагері атанған Ресей Федерациясына математик ретінде көп еңбек сіңірген академик, ұлты неміс Борис Раушенбах өмірінің соңында атеизмді қойып, дінді қабылдаған. Неге бұлай еттіңіз деген сұраққа: «Мен бұл ғаламның жаратылысын математика тұрғысынан түсінуге, түсіндіруге болмайтынына көзім жетті» деген.

Арда-Шер балам! Келтіре берсем мысал толып жатыр. Әзірге осы да жетер. Бұл бөлімді маған ақ сүтін беріп өсірген анамның – Дәмегөй апамның менің кішкентай кезімде мені ұйықтатарда айтатын өлеңінің бір ауызы есімде қалыпты, сонымен аяқтағым келіп отыр:



«Алла!» деген ар болмас.
Алланың жолы тар болмас!
«Алла!» деген жігіттер,
Екі дүниеде қор болмас!

Иә, адамзаттың данышпандары Алла-ТааҒаланың бар екеніне шек келтірмейді. Ғылымның ең дамыған бөлігі ядролық физика болса, осы салада істейтін ғалымдар «атомдық құрылысқа тереңдеген сайын Құрандағы Алла-ТааҒаланың «қаһарлансам ғаламды бір тарының қауызына сыйғызам!» деген сөзінің растығына көзің жете түседі, өйткені, шынында да, үлкендігі тарыдайақ атомдық қарудың қуаты қазір әлемді жоқ қылып жіберуге жетеді» дейді.

**2. «АТЫҢА ИЕ БОЛ, БАЛАМ!»**

*«Адамның аты қандай, оның заты да сондай...»*
*Қазақ даналығы*

Адам өмірге келген соң оған ат қойылады. Бұл – өте жауапты іс. Жауаптылығының күштілігін жоғарыдағы қазақтың даналық сөзінің өзі-ақ дәлелдеп тұр. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ә.с.): «Әрбір адам ең алдымен өз перзентіне жақсы ат қоюы, жақсы білім және жақсы тәрбие беруі тиіс» деген.

Мен сенің атыңды неге Арда-Шер деп қойдым? Жалпы, мен балаларымның бәрінің атын өзім қойдым. Еңлік, Інжу деген есімдерді қазір көп жұрт қоятын болды. Сенің қарындасың Аяланың атын да бізден көріп қойып жатқандар бар. Сенің өзіңнің де есіміңді Нұрман атаң үйіндегі бәріміз жақсы көретін Үміт апаң өзінің бір қайнысының баласына қойды. Қояр алдында маған хабарласып, рұқсат сұрады. Сұрамаса да болады, әрине, бірақ, ізеті үшін рахмет!

(Жалғасы бар)

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

---

■ RÝHANI JAŃǴYRÝ

# ҰЛТТЫҚ КИІМ – ЭТНОМӘДЕНИ БЕЛГІ

**Әлемдік ақпарат ағыны мен сан алуан мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстайтын салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, ұлттық қолөнеріміз екендігі даусыз.**

Ұлттық киім үлгілерін замана үрдісімен ұтымды ұндестіру жаңғыруды бір саласы бола алары анық. Рухани болмысымызды танытатын қазақы киімнің сыны мен сыры турасында жастарымызға терең білім берудің алар орны айрықша дер едік. Ұлттық киімнің түрсипатынан халықтың ғасырлар бойғы жай—күйі, еңбек тәжірибесі, дүниетанымы, сенім-нанымы айшықталады. Ұлттық киім сол халықтың өмір айнасы. Ұлттық киімнің етек-жеңінің кеңдігінен-ақ қазақтың дархандығын, үрімбұтақты өрісін, мейірімі мен қонақжайлылығын, даладай кең пейілін тануға болады.

Өзінің сын-сипаты, ою-өрнек әуендерімен, сан ғасырлық тарихымен, сақталған мағлұматымен тұтас ұлттың бет-бейнесі болып табылатын ұлттық киіміміз қазақ халқын бүкіл әлемге танытатын этномәдени белгі, айдар деп білеміз. Осындай құндылықтарды жасөспірімдер, мектеп оқушылары және колледж, лицей оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері арасында насихаттау мақсатында, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Халықаралық білім беру корпорациясы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы үстіміздегі жылдың сәуір айында «Інжу-дизайн» республикалық жас сән дизайнерлерінің онлайн режимінде байқауын өткізуді көздеп отырмыз.

Байқаудың атауы кездейсоқ таңдалған жоқ, өйткені байқаудың әр қатысушысы, бұл – жаңа есім, бұл Қазақстан жастары достығының тізбегін құрайтын інжу-маржаны болып табылады.

Қазақстан халқының рухани бірлігі идеясын, ұлттық мәдени дәстүрлерін сақтауды біз жастарымыздың бойына сіңіріп, тәрбиелегіміз келеді. Байқау жаңа есімдермен танысуға әрі оларды қолдауға мүмкіндік беріп, отандық сән индустриясының дамуына оң әсер етеді деп үміттенеміз.

Жас дизайнерлер екі санатқа бөлінеді: Байқаудың қазылар алқасының құрамына жетекші отандық киім дизайнерлері, ҚазБСҚА (ХБК) профессорлар құрамы, ҚазБСҚА (ХБК) «Сән дизайны» білім беру бағдарламасының Сарапшылары мен тапсырыс берушілер кеңесінің мүшелері кіреді, олар байқауға қатысушылардың жұмыстарын ұйымдастырушылар белгілеген өлшемдер бойынша бағалайтын болады. Қазылар алқасының құрамына біздің елімізге әйгілі болып үлгерген жас дизайнерлер кірді.

Біз байқаудың екі қызықты номинациясын жасауға тырыстық: «Этнография» және «Эксперимент». Бірінші номинацияда шығармашылықтың қайнар көзі Қазақстан халықтарының ұлттық киімдері мен қолданбалы өнері болып табылатын ұлттық нақыштағы сәнді киім үлгісін әзірлеуге баса назар аударылады. Екінші номинацияда қатысушылар пішу мен технологияның жаңашылдығын пайдалана отырып, ерекше бейнелерді ұсынып, киім-кешек, материалдар үшін күтпеген, дәстүрлі емес материалдарды пайдалана алады. Конкурс форматы карантин кезеңінде және елде қабылданып жатқан басқа да шаралар барысында байқауға қатысуға ыңғайлы болу үшін ойластырылды.

Ұлттың өз құндылықтарына деген құрметі мен қамқорлығы өмірінің сан –саласында бедерленуі қажет. Мәселен, өзбек, қырғыз, түрікмен, шешен, қытай, жапон, т.б. ұлттар өз ұлттық киімін әуелі өздері қадір тұтып, қастерлеп, үстерінен тастамай, мақтан тұтатындығымен, өскелең ұрпаққа өсиет етіп отыр. Сондай ақ, өзге ұлттар мен халықтардың назарын аудартып, қызығушылығын тудырып, әлемдік сәнге айналдырғаны қаншама!

**Ж.С.ТӘКЕНОВА,**
**Халықаралық білім беру корпорациясы СҚжСС жөніндегі проректор,**
**Г.К ИБРАЙШИНА,**
**Дизайн факультетінің ассоц. профессоры**

# БАҚҰЛ БОЛ, ӘР ҚАЗАҚТЫҢ БАУЫРЫНДАЙ АРДА ҰЛ!

69 жасқа қараған шағында көрнекті тележурналист, Қазақ телевизиясының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Парасат» орденінің иегері, Алматы облысы және Ақсу ауданының Құрметті азаматы Нұртілеу Иманғалиұлы дүниеден озды.

Нұртілеу Иманғалиұлы 1952 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Дінгек ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Совет Одағының Батыры Нұрсұлтан Есеболатов атындағы орта мектепті бітіріп, әр жылдары мұғалім, комсомол қызметкері, құрылысшы болып еңбекке араласты. Ал 1972-77 жылдары Қазақ Мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби ат.ҚазҰУ) журналистика факультетінде оқып, журналист мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Қазақ телевизиясында 45 жыл қызмет атқарған журналистика ардагері 1974 жылдан тілші, редактор, аға редактор, комментатор, бас редактор, саяси шолушы, директордың орынбасары, «Хабар» агенттігінде модератор-жүргізуші, одан кейін Үкімет кеңсесінде сектор меңгерушісі, Президент Әкімшілігінде бас маман болды. 2006-2007 жылдары «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік Қоғамының Басқарма Төрағасы, одан кейінгі жылдары «Қазақстан РТРК» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды.

Алғашқы хабарының бірі «Жадыңда ма, жолдас?!». Содан бері талайдың санасын қозғаған, саяси-әлеуметтік салмағымен, әсіресе шыншылдығымен телекөрерменнің есінде сақталған бірегей бағдарламалар жасады. Оның «Жас жігер», «Көзқарас», «Алтыбақан», «Айна», «Ақиқат пен аңыз», «Дидар», «Жастар дауысы», «Арай», «Құрдастар», «Көкпар», «Ой-көкпар», «Дін мен діл», «Бетпе-бет», «Қолтаңба», «Діңгек», «Көршілер», «Заң сөйлесін», «Nur-Tiley» сынды көптеген авторлық бағдарламаларын телевизия саласының алтын қорында сақталар мол мұра, рухани қазына деп білеміз.

Н.Иманғалиұлы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен алғаш шетелге шығып, АҚШ пен Түркияға барып хабарлар әзірлеген тұңғыш қазақ журналисі. Ол 1994 жылы бүкіл Еуропаны аралап, Германия, Франция, Бельгия, Италия сынды елдерден өзі оператор болып хабар дайындады. Мұның барлығы қазақ журналистикасы үшін айтулы жаңалық болды. Қазақ телевизиясы арқылы өзінің дара жолын қалыптастырып, Алаштың ардақты азаматына айналған оның «Бай, қуатты болайық!» деген бір ауыз сөзі халық арасына кеңінен таралды.

Оның өлең жазатын ақындығы, көркем шығармалар жазатын қасиет-қабілеті де бар еді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі әрі Деректі проза кеңесінің де белсенді мүшесі болатын.

Өзіне тән шеберлік, кәсіби біліктілік, ізденіс пен еңбекқорлығының негізінде қазақ телевизиясының майталманы деңгейіне көтерілген ардақты азамат, көрнекті журналист Нұртілеу Иманғалиұлының жарқын бейнесі, ғибратты ғұмыры әріптестері мен халық жүрегінде мәңгі сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы**



# НҰР ТІЛЕУЛІ НҰРТІЛЕУ ЕДІ...

Қазақтың белгілі ақыны Шөмішбай ағамызды жоқтап үлгермей жатып, еліміздегі есімі ең белгілі телеарнаның терең білгір тарланы, 45 жыл қазақтың сөзін сөйлеп, мұңын мұңдап, көрерменнің көзайымы болған көрнекті тұлғамыз Нұртілеу Иманғалиұлы да өмірден өтті...

Иманы саламат болсын! Алла өзі панасына алсын деп тілейміз.

2019 жылы 6 қыркүйекте Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында «Мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек, ол үшін Конституциядан 7-ші баптың 2-ші тармағын алу керек» – деп ұсыныс жасағанымыз белгілі. Содан көп ұзамай Нұртілеу ағамыздың «Nur Tileu» хабарының продюссері, белгілі журналист, ақын, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Жаңыл Асылбек қарындасымыз хабарға түсуге екі рет шақырды. Тура сол күндерде жұмыс қауырт болып, бара алмадым. Үшінші рет Нұртілеу ағамның өзі хабарласты. Онда бел ауруым ұстап қалып, қан қысымым қатты көтеріліп, ауырып жатқанмын. Телефоннан Нұрекеңнің атын көргесін амал жоқ алуыма тура келді. Сөйтіп, қарашаның 12-ісінде бұл хабарға түсудің сәті түсті. Сонда көрдім, Нұрекеңнің өз ісінің нағыз шебері, әр хабарына соншалықты терең мән беріп, қатты ізденетінінің куәсі болдым.

Соның алдында бір күн бұрын «Nur Tileu» хабарының продюссері Жаңыл екеуміз менің фейсбук парақшамда өлеңмен айтысып қалып едік... Өйткені мен сол кезде жарым Жәннатты астанадан Алматыға шығарып салған едім. Сонда қараша айының алғашқы қалың қары жауып, елорданың жарығы өшіп қалды. Вокзалдан көңілім құлазып келе жатқан мен парақшама:

Аппақ қарлы аспан алаң...
Қимай жаным жанды бой.
Жарығым-ау, сен кетіп-ең астанадан –
Жарық сөніп қалды ғой... – деп жазып қойған едім.

Оған жазылған көптеген пікірлердің ішінде Жаңылдың бір шумақ өлеңі көзіме оттай басылды:

– Сіз кеткен соң «жарық жоқ» деп
қалған жұртың шарқ ұрды,
Пайымдасам, басын иіп бағалады
парқыңды.
«Нұр Тілеудің» хабарына түсіп
бітіп кеткенше,
Алматының жарығы да сөнбесін деп мен тұрмын... – депті ол.

Мен де жауапсыз қалдырмадым:
– ЖАҢЫЛдың ба сен демде,
Есімдерді есіңе ал-
НҰР-ТІЛЕУге келгенде
НҰР жауса егер несі бар? – деп қарымта қайырдым.

Ақын қарындасымыз екеуміздің айтысымызды өзі түсіретін хабарынан бір күн бұрын кездескенде Нұртілеу ағам естіп, қатты риза болып, рахаттанып күліп алды. Содан түн жарымда телефон соқты. «Уатсабыңа жазсам, оқымапсың, кешегі Жаңыл екеуің айтысқан өлеңдеріңді жазып жіберші» –деді . «Жарайды» дедім де, парақшамнан алып жібердім.

Ертеңіне мен эфирге шығарда Нұрекең осы оқиғаны қатырып тұрып айтып, өлеңдерді өзі оқып беріп, әдемі әзілмен әдіптеп, сәтті шешімдер жасап шақырғанда қатты риза болдым. Сөйтсем 45 жылдан бері эфирде жүрген ер ағам әлі күнге дейін әр хабарына алғашқы хабарындай барынша мұқият жауапкершілікпен, үлкен ізденіспен, шынайы шығармашылықпен қарайды екен ғой! Біз үйренетін, үлгі алатын қасиеттер көп еді ағамызда.

Сол хабарға шығар алдында Нұрекең маған «қазір саған ыңғайсыз тиетін сұрақтар да қоямын» деп ескертіп қойды. «Қандай сұрақ қояды екен?» – деп ойлағанымша эфир басталып кетті.

Ұлттық кеңестегі Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керектігі туралы сөзімді эфирден берумен басталды хабар. Нұрекеңнің қойған өткір де өрелі сұрақтарына қарап, ол кісінің менің өмірбаяным мен шығармашылығымды әбден зерттегеніне көзім жетті. Кейін өзінің айтуынша, студент кезімдегі жырларыма дейін жақсы біледі екен.

Нұрекеңнің маған қойған «қолайсыз» сұрағы мынау болды:

– Сот, құқық қорғау органдарына қалай қарайсыз?

– Сот, құқық қорғау органдарына елдің сенімі жоқ қазір. Менің ойым да солай.

– Солдықтан екен ғой, есімі елге белгілі жерлесіңіз Ислам Әбішевтің ісін газеттеріңіздің әр номерінде жариялап жатқандарыңыз? Бұл газетіңізді жеке мақсатқа пайдалану емес пе?

– Жоқ. Біріншіден мен Ислам Әбішев секілді халық қазынасынан триллион үнемдегені үшін түрмеге түссе, кез келген азаматты дәл осылай қорғап шығар едім. Оның үстіне ол кісіні қазір БАҚ-тардан жалғыз біз қорғап жатырмыз, – деп жауап бердім. Жауабыма риза болғанын білдіріп бір асығын қойды алдыма.

Солай, «Қазақ үні» сайтында 200 мыңдай адам қорғаған, «Жылдың шулы сот ісіне» айналған Ислам Әбішев ісін мемлекеттің бас арнасы – «Қазақстан» Ұлттық арнасында айтудың ыңғайлы уақытын «ыңғайсыз» сұрақ қою арқылы тапқан екен ғой тарлан ағам!

Сұқбат эфирге шыққасын, көріп, бір риза болғаным, өткір тақырыптарды да қысқартпапты. Шамасы, мемлекеттің бас телеарнасынан ондай тақырыптар өтіп кетуі ең алдымен Нұрекеңнің зор беделі болса керек. Бұны ең алғашқылардың бірі болып байқаған Азат Перуашев Нұртілеу ағасына қатты риза болып, аудио арқылы алғысын айтып жіберді. Бұны естіген Нұрекең де iнiлерiне iлтипатын білдіріп жауап жазды:

«Бәрекелді, Алла разы болсын! Азат бауырымызға рахмет!

Партия жетекшісі, саясаткер ретінде анық баға беріп, позициясын білдіргені азаматтығы, жанашырлығы, қолдағаны! Ал, өзіңді ұстанымың үшін бағалаймын.Ақын ретінде құрметтеймін.

Бәрі дұрыс болды, ойдағыдай. Бұрынсоңды ашық айтыла бермейтін мәселелерді де ептеп қозғап жібердік. Бұл шоудан шыға алмай жүрген ТВ үшін де, көрермен үшін де керек, дәл қазір аса қажет деп білем. ББҚБ!»

Осы жазбадан Нұртілеу ағаның шындықты айтудағы батылдығы мен қайсарлығын да анық көруге болады.

Мұндағы «ББҚБ» Нұртілеу ағаның ерекше қолтаңба-қолы: «Барлығымыз БАЙ-ҚУАТТЫ БОЛАЙЫҚ» – деген елге әйгілі сөздері екенін алғаш көргенде-ақ бірден білген едік.

Қазақ жырының Құлагері Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығының республикалық көлемде дүркіреп өтуіне де, ақынның елге белгісіз шығармаларының табылуына да Нұртілеу ағамның еңбегі зор болды!

Былтыр 2020 жылы 3 қаңтарда жазған өлеңімді өзіне жібергенде қатты қуанып қалып еді. Бұл жырымды Нұрекеңнің 70 жасқа толуында газетімізде жариялап, тойында оқып беремін деп жүр едім. Алла ісіне амал не, ардақты ағамыздан айрылып қалып, төбемізден жай түскендей жайымыз бар.

Атасын сөздің өлтірмей, ақиқатты айтып өткен бекзат зиялы еді! Алла алдынан жарылқасын! Алды пейіш, арты кеніш болғай!

Отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, қалың қазаққа көңіл айтамыз!

Иманы саламат болсын!

**НҰР ТІЛЕУЛІ НҰРТІЛЕУ**

Телеарнаның терең білгір кемелі,
Толғап сөйлер толып ылғи кемері.
Нұр тілейтін қазағына Нұртілеу,
«Бай-қуатты болайық» деп келеді!
Қара шалдың қайсар ұлы көрінбей,
Қалса болды іздейді ел ерінбей.
Келе жатыр айқасса да «Бетпе-бет»,
Бұл өмірдің «Көкпарында» жеңілмей!
Дайын дәйім кімге болсын жәрдемге,
Өлең жазар тек өзі үшін әр демде..
Асау Ақсу толқынындай арыны,
Тең сөйлесер қарамен де, ханмен де!
Жақын жүрсең, жанын жақсы ұғасың,
Кең жаяды дастарына құлашын.
Монша жайлы сөйлегенде сағаттап,
Қарап тұрып буға түсіп шығасың...
Тектілікте жатыр деймін сірә, мән,
Тепсініспей, теңдік талай сұраған,
Ұлт мүддесін қорғаумен жүр ағам.
Ілиясты қайта бүгін жаңғыртты,
Рухы ұрып тұратұғын Нұрағам!
«Оқы» деумен өтті Ленин өмірден,
«Нан мен әнге» Брежнев семірген.
Қанша биік жоғарыдан айтса да,
Дәл өзіңдей шықпады олар көңілден!
Көсемдердің ұмыт болып өлеңі,
Шешендердің сөзі жасап келеді.
Нұртілеудің нұрлы жүзін көргенде ел,
БАЙ-ҚУАТТЫ боларына сенеді!

**Қазыбек ИСА,**
**ақын.**
*03.01.2020.*

■ ÓNER

# «АБАЙ-ТОҒЖАН» ҚОЙЫЛЫМЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

**ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Елордадағы Музыкалық жас көрермен театрының «Абай-Тоғжан» қойылымына жоғары баға берді.**

«Былтыр елімізде Абайдың 175 жылдығы кеңінен аталып өткені мәлім. Сол іс-шаралар аясында ауқымды жұмыс атқарылды. Дегенмен, ұлы ойшылдың өсиеттерін дәріптеу жолында бір жылмен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Өйткені біздің ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымыздың қалыптасуында хакім Абайдың рөлі ерекше. Біз бойымызды да, ойымызды да Абай сөздеріне қарап түзейміз. Сондықтан ақын мұрасын дәріптеу, әсіресе, оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру қашанда маңызды», – деп жазды Сенат Төрағасы Facebook парақшасында. Осы орайда ол елордамыздағы Музыкалық жас көрермен театрының игілікті ісін ерекше атап өтті.





«Таяуда аталған өнер ордасында «Абай-Тоғжан» қойылымын тамашалап, керемет рухани кештің куәсі болдым. Бұған дейін көбіне ақынның ұлғайған шағын көріп келсек, бұл жолы біз жас Абайды көрдік. Оның кемеңгер болып қалыптасуының алғашқы кезеңдеріне үңілдік. Ақын лирикасының бастауына назар аудардық. Сол себепті, аталған спектакльді Абайтану іліміне тың серпін берген туынды деп қабылдаймын. Шын мәнінде, ойшылдың өмір жолы – күреске толы күрделі жол. Оны Абай мен Тоғжанның махаббатынан да аңғару қиын емес. Сондай кезеңдер ақын философиясының қалыптасуына үлкен әсерін тигізгені сөзсіз. Қойылымда соның бәрі ерекше тапқырлықпен суреттелген», – деді Мәулен Әшімбаев. Сенат спикері атап өткендей, бұл театрдың ашылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Соған қарамастан, Абай өмірін сахналау арқылы көрерменге айтары мол өнер ордасы ретінде танылып отыр. Оның репертуарында Мұқағалидың, Шәмшінің шығармашылығына арналған қойылымдар да бар.

«Осы ретте театрдың актерлер құрамына да тоқтала кеткен жөн. Олардың қатарында Салтанат Есқазина (?)

mal Еслямова, Аян Өтепберген, Асылхан Төлепов сияқты белгілі дарын иелерімен бірге жас таланттар да бар. Өнерсүйер қауымға ғажайып көңіл-күй сыйлап жүрген театр актерлеріне және осы ұжымның басшысы, кәсіби режиссер, шебер ұйымдастырушы Асхат Маямеровке айрықша алғысымызды білдіреміз. Театр – классикалық өнер. Ал классика қашанда биік тұрады. Сол себепті, жас театрдың ғұмыры ұзақ боларына сенеміз және соған тілекшіміз. Алар асуларыңыз көп болсын. Індеттен тезірек құтылып, зал көрерменге лық толатын күн туслн. Қазақ өнері жасай берсін!», – деп ізгі тілегін жеткізді Сенат Төрағасы.

**Әділғазы КЕРЕЕВ**

■ MUQAǴALI MAQATAEV – 90

# ҚАЗАҚ ЖАНЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫНҒА АРНАЛДЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультеті, Философия кафедрасы жанындағы «Кіші әл-Фараби академиясы» клубының ұйымдастыруымен қазақ халқының тұйғын ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90-жылдығына арналған «Мұқағали – қазақтың жанын жырлаған ақын» атты онлайн форматта шығармашылық кеш болып өтті.**

Шараға ҚР Мәжіліс депутаты, белгілі қоғам қайраткері, Қазақ тілінің табанды бүрлі күрескері, ақын Қазыбек Иса, ҚР Көркем Академиясы академигі, киноактер, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері Шаяхмет Имашұлы, кафедра оқытушылары: Лесқан Асқаров, Сәкен Омаров, Әбдірашит Әбдраимов қатысты.

Кеште М.Мақатаевтың өмірінен көптеген айғақтар мәлім болып, оның өмірдің әр кезеңдерінде жазған өлеңдері мен жырларының тарихы туралы қызықты әңгімелер айтылды.



Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса «Мұқағали – қазақ жанын жырлаған ақын» тақырыбында мағыналы баяндама жасады. Ол бір кездері Мұқағали Мақатаевтың Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанын, алайда, ақынның «қайтыс болуына байланысты» деген сылтаумен өтпей қалғанына ақын ретінде әлі де өкінетінін айтты. Шынында да, бұл ойдың астарында «Ақындарын аялай алмайтын халықтың мәдениеті қандай?» деген сұрақ жатқанын қатысушылар айтқызбай түсінді...

Сонымен бірге, Ақын, тіл күрескері Қазыбек Иса қазір «Мемлекеттік тіл туралы» жаңа заң жобасының қандай жағдайда екенін тиянақты баяндап берді. Жиынға қатысушылар халық қалаулысына өз ризашылықтарын жеткізді.

Ал, өз кезегінде, Мұқағалидың жүздеген жырын жатқа оқитын Шаяхмет Имашұлы ақын өлеңдерін оқып, тыңдарманды тебірентіп тастады. Сондай-ақ, сөз эстетикасын Мұқағали жырларымен қалай үндестірудің үлгісін көрсетті. Тыңдаушылар Мұқағали жырларымен қатар, Шаяхмет ағаларының орындаушылық шеберлігіне де тәнті болды.

Ұстаздар Сәкен Омаров пен Әбдірашит Бәкірұлы Мұқағалиды насихаттауды халықаралық деңгейге көтеру және Мұқағали туралы көркемфильмнің сценариін жазуға конкурс жариялау қажеттігі туралы ұсыныстарын айтты.

Кеш Философия факультеті студенті Ақнар Тасқынұлының модераторлығымен еркін пікір алмасу форматында өтті.

**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,**
**Әл-Фараби атындағы**
**Қазақ ҰУ Философия**
**кафедрасының аға оқытушысы**


**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |



**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ**

**Жауапты хатшы –**
**Гүлмира САДЫҚ**

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**

**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген